

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**«ӘДЕПТІ АДАМ – ӘДЕМІ АДАМ»: БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР
АРАСЫНДА ҚОҒАМҒА ҚАЙШЫ ӘРЕКЕТТЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ»**

Әдістемелік ұсынымдар

**«ӘДЕПТІ АДАМ – ӘДЕМІ АДАМ»: ПРОФИЛАКТИКА АСОЦИАЛЬНЫХ
ЯВЛЕНИЙ СРЕДИ ДЕТЕЙ И ПОДРОСТКОВ»**

Методические рекомендации

Нұр-Сұлтан
2020

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2020 жылғы 16 қыргүйектегі № 7 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 7 от 16 сентября 2020 года)

«Әдепті адам – әдемі адам»: балалар мен жасөспірімдер арасында қоғамға қайшы әрекеттердің алдын алу». Әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020. – 196 б.

«Әдепті адам – әдемі адам»: профилактика асоциальных явлений среди детей и подростков». Методические рекомендации. – Нұр-Сұлтан: НАО имени И. Алтынсарина, 2020. – 196 с.

Әдістемелік ұсынымдамаларда жасөспірімдердің қоғамға қайшы мінез-құлқының алдын алу бойынша жекелеген шет елдердің тәжірибесі ашылған, жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқы мәселелері және Қазақстанның жасөспірім жастағы білім алушыларының арасында жүргізілетін алдын алу шараларының ерекшеліктері қарастырылған.

Сонымен қатар, жасөспірімдердің қоғамға қайшы мінез-құлқының алдын алу мәселелерімен айналысатын орта білім беру ұйымдарының педагогтарына әдістемелік және тәжірибелік ұсыныстар берілген.

В методических рекомендациях раскрыт опыт отдельных зарубежных стран по профилактике асоциального поведения подростков, рассмотрена проблема профилактики девиантного поведения подростков и особенности профилактических мероприятий среди обучающихся подросткового возраста в Казахстане.

Кроме этого, представлены методические и практические рекомендации педагогам организаций среднего образования, занимающиеся вопросами профилактики асоциального поведения подростков.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2020
© Национальная академия
образования им. И. Алтынсарина, 2020

Кіріспе

Қазіргі кезде балалар мен жастарды тәрбиелеу жүйесі көптеген өзгерістерге ұшырады. Бұл бұрын қолданыста болған моральдық нормалар мен қоғамдағы мінез-құлық ережелерінің өз күшін жоғалтуымен және материалдық мүдделермен алмастырылуына байланысты.

Жасөспірімдердің қоғамға қайшы мінез-құлқы – «қиын» жасөспірімдер мәселелері кешенін қамтитын, көпфакторлы проблема. Бала тәрбиесіндегі кемшіліктерді, тәрбиенің бала тұлғасына сәйкес келмеушілігін, психологиялық және физиологиялық дамудағы ауытқуларды, ортаның жағымсыз факторларын девиантты мінез-құлықтың қалыптасуына ықпал ететін себептерге жатқызуға болады.

Девиантты мінез-құлықтың әдеттегі көріністеріне балалар мен жасөспірімдердің агрессия, наразылық білдіру, наразылық тудыру, оқудан немесе еңбек етуден бас тартуы, үйден қашып кетуі және кезбелік өмір кешуі тәрізді жағдаяттық шартталған реакциялары жатады, бұл жағдайлар өз кезегінде маскүнемдіктен, нашақорлықтан, жезөкшеліктен көрініс табады. Мінез-құлықтың аталған ауытқушылық түрлерінің биологиялық, психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-экономикалық, моральдық-этикалық себептері болады.

Қазақстанда жасөспірімдердің ішімдікке және есірткіге тәуелділігімен байланысты қылмыстар санының азаюына қарамастан, өкінішке орай, девиантты мінез-құлықты білім алушылардың саны жыл сайын артып келеді, өйткені мінез-құлықтың ауытқуына ықпал ететін факторлардың саны артып отыр.

Балалар арасындағы құқық бұзушылық оқиғалары өткен оқу жылымен салыстырғанда арта түскені анықталды. ЮНИСЕФ-тің 2017 жылғы зерттеуінің деректері бойынша, Қазақстандағы білім алушылардың үштен екісі оқушылардың немесе мұғалімдердің тарапынан зорлық-зомбылыққа тап болған немесе оған куә болған. Ішкі істер органдарының есебінде жыл сайын 7 мыңға жуық кәмелетке толмағандар және жағдайы төмен 10 мың отбасы тіркеледі. 3 мыңнан астам бала қылмыстық құқық бұзушылық жасайды. 2018 жылы балаларға қатысты 2125 қылмыс жасалса, 2277 кәмелетке толмаған бала құрбан болды (2017 жылға қарағанда 5,5% - ға жоғары).

Балалардың өз-өзіне қол жұмсауының өсуі сақталып отыр (2018 жылы балалардың арасына өз-өзіне қол жұмсауының 178 жағдайы болды, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 6,6 %-ке жоғары).

Білім беру ұйымдарының алдында әлеуметтенуге қажетті жағдайлар жасау, қылмыстың алдын алуға, жасөспірімдердің қаңғыбастығын және қараусыз қалуын жоюға бағытталған шаралар ұйымдастыру, сонымен қатар алғышартты мақсат болып табылатын, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау міндеті тұр.

Әдістемелік ұсынымдарды әзірлеудің мақсаты – білім алушылардың әлеуметке қайшы мінез-құлқының алдын алу саласында педагогтарға әдістемелік көмек көрсету болып табылады.

Негізгі мақсатқа сәйкес келесі міндеттер анықталды:

- балалар мен жасөспірімдер арасында қоғамға қайшы әрекеттердің алдын алудағы халықаралық тәжірибені зерделеу;
- балалар мен жасөспірімдер арасындағы қоғамға қайшы әрекеттердің алдын алу бойынша отандық тәжірибені талдау;
- жасөспірімдердің қоғамға қайшы мінез-құлықтарының алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.

Материалдарды әзірлеу барысында жасөспірімдердің физикалық, ақыл-ой, адамгершілік және рухани дамуына қажетті қолайлы жағдайлар жасау мен арнайы қорғалу құқығын реттеуші халықаралық және отандық құжаттар зерделенді. Бұл ең алдымен «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы; Балалар құқығы декларациясы, Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыскерліктің алдын алу үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының жетекші принциптері, Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі, Қазақстан Республикасының «Бала құқықтары туралы» Заңы және т.б.

Жұмысты жазу барысында шетелдік және отандық ғалымдардың монографиялары және ғылыми мақалалары, мерзімдік басылымдар, әлеуметтік жұмыс, педагогика және психология бойынша оқу құралдары мен оқулықтар пайдаланылды.

Статистикалық мәліметтер Сандж зерттеу орталығының мемлекеттік орталықтар және жергілікті атқарушы органдар ұсынған ресми статистиканы, деректерді, сонымен қатар әлеуметтік зерттеулердің деректерін талдауы негізінде әзірлеген, Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы 2019 жылғы баяндамасынан алынған.

Баяндамада демография, денсаулық жағдайы, білім беру, отбасылар мен балаларды әлеуметтік қолдау мәселелері, 2019 жылы қабылданған балалар құқығын қорғау саласындағы заңнамалық актілер тізімі көрсетілген. Соңғы бес жыл динамикасындағы балалар жағдайының сандық және сапалық сипаттамалары берілген.

Балалар қауіпсіздігі мәселелеріне, қараусыз қалудың алдын алу жүйесіне, балаларға қатысты әлеуметтік жетімдікке, қысмыстыққа, балаға қатыгездік жасау жағдайларына, жалпы алғанда өмірлік қиын жағдайға ұшыраған балалар мен отбасылардың проблемаларына ерекше назар аударылған.

Әлеуметке қайшы мінез-құлық проблемасы ертеден зерделеніп келеді, бірақ бұған қарамастан қазіргі әлемде оның өзектілігі тіпті артып отыр. Себебі, әлеуметке қарсы мінез-құлықтың негізі жасөспірімдік кезде салынады. Осы кезеңде жасөспірім дамуының барлық жақтарын қамтитын, балалық шақтан есейгендікке, балалықтан ер жеткендікке өту үрдісі жүреді. Әдістемелік ұсынымдарда мінез-құлықтарында түрлі ауытқушылықтары бар жасөспірімдерге байланысты «қиын балалар», «қиын жасөспірім», «бейімделмеген балалар»; «арнайы қамқорлықты қажетсінетін балалар»; «тәуекел тобының» балалары; «девиантты мінез-құлық», «әлеуметке қайшы мінез-құлық», «деликвентті/қылмыстық мінез-құлық» терминдері және стандартты емес мінез-құлықты білдіретін басқа да атаулар қолданылды.

Жұмыстың құрылымы кіріспе, үш бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі түрінде ұсынылған. Кіріспеде зерттеудің өзектілігі негізделген, зерттеу нысаны анықталған, мақсаты мен міндеттері тұжырымдалған.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес бірінші бөлімде жекелеген шет елдердің жасөспірімдердің қоғамға қайшы әрекеттерінің алдын алудағы тәжірибесі ашылды, жасөспірімдік жастағы білім алушылардың арасында алдын алу шараларының негізгі ерекшеліктері қарастырылды.

Екінші бөлімде балалардың қылмыстық мінез-құлықтарының алдын-алу мәселелері қарастырылды; Қазақстандағы девиантты мінез-құлықтың негізгі проблемалары көрсетілді; жасөспірімдер арасындағы қоғамға қайшы әрекеттердің алдын алу бойынша мемлекет және қоғам тарапынан қолданылып жатқан шаралар анықталды.

Үшінші бөлімде жасөспірімдердің қоғамға қайшы мінез-құлықтары мәселелерімен айналысатын педагогтарға тәжірибелік ұсыныстар берілді.

Қорытындыда зерттелген мәселені зерделу және талдау нәтижесінде алынған басты шешімдер айтылды.

1 Балалар мен жасөспірімдер арасында қоғамға қайшы әрекеттердің алдын алудағы халықаралық тәжірибе

Кәмелеттік жасқа толмаған тұлғалардың өсіп-жетілуінің және игілігінің табиғи ортасы ретінде, қоғам шеңберінде өз міндеттерін мойнына толық ала алатындай қажетті қорғау және жәрдем көрсетілуі, баланың жеке басы толық және үйлесімді дамуы үшін оның отбасы аясында, бақыт, махаббат және түсінушілік ахуалында өсуі, бейбітшілік, қадір-қасиет, төзімділік, еркіндік, теңдік және ынтымақтастық рухында тәрбиеленуі мәселелері халықаралық құжаттарда бекітілген [1].

Ең алғаш рет балалардың амандық-саулығы және олардың құқығы, сонымен қатар құқық бұзушылықтың алдын-алу сұрақтары халықаралық деңгейде 1924 жылы Ұлттар Лигасында қарастырылды және осы жолы «Бала құқықтары туралы» Женева декларациясы қабылданды. Бұнда балалар құқығына қатысты құлдық, балалар еңбегі, балаларды сату және кәмелеттік жасқа толмағандардың жезөкшелегі жөнінде қарастырылды.

1959 жылы 23 қарашада Біріккен Ұлттар Ұйымының (ББҰ) Бас Ассамблеясы жариялаған *Бала құқығы декларациясы*, халықаралық нормативтік-құқықтық құжат болып табылады. Аталған құжаттың негізін келесі принциптер құрайды:

- физикалық, психикалық, ақыл-ой, адамгершілік, рухани дамуы, әлеуметтік тұрғыда толыққанды болып саналмайтын балаға, арнайы режим, білім және қамқорлық қамтамасыз ету;

- баланың тегін және міндетті білім алу құқығы бар, бастапқы сатыда балаға білім берілуі керек, ол баланың жалпы мәдени дамуына ықпал етеді және мүмкіндіктердің теңдігі негізінде өзінің қабілеттерін дамыту, қоғамның пайдалы мүшесі болуына жағдай жасау;

- балалардың нәсілдік, діни және дискриминацияның басқа түрлерін қолдайтын тәжірибеден оқшаулануын бақылау [2].

Нәтижесінде, елу жыл бұрын әлемдік қауымдастық белгілі бір нормаларды құрды, оларға сәйкес денсаулығында физикалық, сенсорлы немесе ментальды ақауларымен байланысты ерекше қажеттіліктері бар балаларға, мүмкіндіктердің теңдігі принципін бұлжытпай сақтауда, қосымша (арнайы) қатынас талап етілді.

1989 жылдың 20 қарашасында Нью-Йоркте қол қойылған Бала құқықтары туралы конвенция баланың дүниеге келген уақытынан бастап барлық жалпыазаматтық құқықтардың иегері болып табылатынын және бұл құқықтардың бөлінбеушілігі халықаралық құқықтар нормасының күшін қабылдайтындығын мойындайды. Әр балаға заңның және басқа да құралдардың көмегімен жан-жақты әлеуметтік көмек және қолайлы жағдайлар мен мүмкіндіктер қамтамасыз етілуі тиіс. Олар баланың физикалық, ақыл-ой, адамгершілік, рухани дамуына және әлеуметтік тұрғыдан сау және дұрыс жолмен, тәуелсіз және абыройлы жағдайда дамуына мүмкіндік беруі тиіс деген тұжырымға тоқталады. Конвенцияда алғаш рет мемлекетаралық деңгейде

кәмелеттік жасқа толмағандардың гуманистік ажырамас негізін қалаушы құқықтары айтылды.

БҰҰ «Бала құқықтары туралы» конвенция (1989 ж.) және Балалардың өмір сүруі, қорғанысы мен дамуын қамтамасыз ету туралы дүниежүзілік декларация (Нью-Йорк, 1990 ж.) балаларды қорғауға, олардың толыққанды дамуына, отбасында өмір сүруіне кепілдік беретін адамның негізгі құқықтарын анықтайды.

Зерттеу барысында қоғамда қабылданған нормалар мен ережелерді бұзумен байланысты (қоғамға қайшы) жасөспірімдердің мінез-құлқы мәселесі бойынша жекелеген елдердің халықаралық тәжірибесі зерделенді.

Аталған тақырып бойынша шетелдік тәжірибені зерделеу басқа мемлекеттердің озық тәжірибесімен танысуға және оларды отандық білім беру жүйесінде қолдануға мүмкіндік береді.

«Әлеуметке немесе қоғамға қайшы» деген ұғым нені білдіреді? Бұл мінез-құлықтың түрі ме әлде психологиялық ауру ма? Басқалардан ерекшеленген – жақсы ма, жаман ба? Біреулер, бұл адамды тәуелсіз тұлға ретінде анықтайды десе, енді біреулер өзгеше болуға болмайды деген тұжырым айтады. Шын мәнісінде екі жақ та дұрыс: адамның басқалардан жақсы жаққа қарай ерекшеленуі өте сирек кездеседі, ондай адамды «қоғамға қайшы» деген теңеумен белгілейді. Бұл қоғамда қабылданған нормалар мен ережелерге қарсы шығатын тұлға дегенді білдіреді.

«Қоғамға қайшы» тіркесі анықтамасының бірнеше сипаттамасы бар. Егер грек тілінен дәлме-дәл аударма жасасақ, онда келесідей анықтама аламыз: қоғам өміріне немқұрайлы адам, әлеуметтің өмірінде белсенділік танытпайтын, яғни қоғамға қарсы тұлға. Шын мәнісінде «қоғамға қайшы» ұғымының бір-біріне қарама-қарсы келетін екі анықтамасы бар. Бір жағынан, қоғамға қайшы – бұл, белгіленген ережелерге қарамастан әрекет ететін адам, екінші жағынан – бұл, әлеуметпен өзара әрекеттесуге мүдделі емес тұлға. Егер оның бойында уәждеме немесе қызығушылық пайда болса, онда ол ниеті негізінен жекелеген іс-қимылдарға бағытталған болып табылады [3].

Әлеуметке қарсы немесе бейәлеуметтік мінез-құлық дегеніміз – адамгершіліксіз немесе құқыққа қарсы әрекеттер түріндегі қоғамдық нормаларға және қағидаттарға қайшы мінез-құлықтар. Қазіргі кездегі қоғамның дағдарысы, өнегелік және құндылықты мақсаттардағы өзгерістер жағдайында қоғамға қайшы мінез-құлыққа бейім жасөспірімдердің саны өсіп отыр. Сондықтан да балалар мен жасөспірімдердің бейәлеуметтік мінез-құлықтары мәселесін алдын алу маңызды болып саналады.

Тәрбие міндеттерін жедел шешу, отбасы және басқа да әлеуметтік құрылымдардың күшін біріктіру арқылы ғана мүмкін болады. Мектеп пен отбасының ынтымақтастығы білім алушылардың дамуы үшін қажетті жағдайлар жасауы тиіс.

Жасөспірімнің бойындағы «сау» мінез-құлық деп баланың әлеуметтік ортамен, өзін қоршаған адамдармен қарым-қатынас жасауын, өміріне сәйкес қажеттіліктерін анықтауын және қоғамда үйлесімді әлеуметтену мүмкіндіктерін, ал қалыпты мінез-құлық деп топтық сипатқа ие құбылыстарды

айтуға болады. Бұндай нормалар адамдардың мінез-құлықтарын теңестіруге, қоғамдық өмірдің субъектілері арасындағы өзара қарым-қатынасты үйлестіруге немесе ең болмағанда, соған ұмтылуға мүмкіндік береді. Нормалардың көптеген түрлері бар, мысалы: психологиялық, этикалық, моральдық (ақылақтық), адамгершіліктік, құқықтық, әлеуметтік және т.б.. Әдетте, қоғамға қарсы мінез-құлықпен сипатталатын жасөспірімнің өзіне тән ерекшеліктері болады, олар: сабырсыздық (ұстамсыздық) және агрессиялық (озбырлық); тұлғааралық жанжалдарға бейімділік; қасарушылық; жалпы қабылданған мінез-құлық ережелеріне бағынбаушылық; әлеуметтік ортаға бейімделудегі қиындықтар.

Қазіргі кезде жасөспірімдердің қоғамға қарсы мінез-құлықтары келесідей формаларда байқалады:

девиантты (ауытқымалы) мінез-құлық – жасөспірімдердің қоғамға қарсы мінез-құлқының ауытқымалығы болып табылады. Ол баланың жас ерекшелігіне тән әлеуметтік нормалардың және отбасындағы, мектептегі қарым-қатынастың қабылданған немесе белгіленген нормаларына сәйкес келмейтін қарама-қайшылықтармен түсіндіріледі. Көпшілік жағдайда девианттық мінез-құлық жасөспірімнің агрессиясы, оқуға зауқының жоқтығы, өзінің жақындарына келеңсіз мінездерін көрсетуі формаларында байқалады. Сонымен қатар, мұндай мінез-құлық үйден қашып кету, қаңғырушылық, тіпті өз-өзіне қол жұмсауға ұмтылушылық әрекеттермен де сипатталады. Кей жағдайларда жасөспірімдер ішімдікке салынуды, есірткі заттарын қолдануды бастаулары да мүмкін, сондай-ақ бұндай мінез-құлық жыныстық сипаттағы (зорлауға ұмтылушылық) әрекеттерден де көрініс табуы мүмкін;

кіріптар мінез-құлық (ағылшын тілінің addiction – бейімділік, зиянды әдет; латын тілінің addictus – құлдық, берілгендік) – бүлдіргіш мінез түрінің ерекше формасы. Мінез-құлықтың бұл түрі баланың өзінің психологиялық жағдайын арнайы өзгертуі арқылы шындықтан кетуге ұмтылуынан байқалады [4]. Яғни, жасөспірім өмірінде пайда болған мәселелерден «өз әлеміне қашу» арқылы құтылу жолын іздеуімен сипатталады. Бұл жағдай өз денесіне «қашумен» (мешкейлік, тәбетсіздік), жұмысқа қашумен (тыным таппай еңбектену), қиялға қашумен (компьютерлік ойындар), дінге, есірткеге, өз-өзіне қол жұмсауға ұмтылуымен қатарласуы мүмкін [5].

Жасөспірімнің бойында пайда болған әлеуметке қайшы әрекеттердің өзіндік тұрақты мінез-құлқы, әдетте қоғамдық тәртіпті бұзуға әкеп соғады. Бұндай мінез-құлық қоғамға онша қауіпті болмағандықтан немесе қылмыстық жауапкершілік жасына жетпегендік салдарынан жазасыз қалуы мүмкін.

Психологтар аталған мінез-құлық түрлері жасөспірімдердің маңайындағыларды іс-әрекетпен, тіл тигізу арқылы жәбірлеу, ұру, өртеу, күшпен немесе қорқыту арқылы тартып алу, ұсақ ұрлық жасауларынан көрініс табатынын атап көрсетеді.

Көпшілік жағдайда балалар мен жасөспірімдер арасындағы қоғамға қарсы мінез-құлық түрлері құрбыларымен қарым-қатынас жасаудағы қиындықтарға, бейресми қосалқы мәдениет топтарына қатысушылықтарына, өзінің

дербестігіне сенімсіздігіне, өзін-өзі төмен бағалауына, қолайсыз отбасына, басынан өткерген зорлыққа және т.б. жағдайларға байланысты пайда болады.

Дүние жүзінің көптеген елдерінің психологтары жасөспірімдердің бұндай мінез-құлқының пайда болуына отбасындағы келесі жағдайлар әсер ететінін атап көрсетеді:

- психологиялық ауытқушылықтарының немесе басқа да ауруларының болуы, аурудан кейінгі салдар;
- нашақорлыққа, ішімдікке, қоғамға қарсы мінез-құлыққа бейімділік;
- ата-аналардың қарым-қатынасындағы бір-бірін сыйламаушылық, өз балаларына өшпенділік, ынтасыздық көзқарас;
- жасөспірімге қатысты әкелік тәрбиенің жетіспеушілігі;
- тәрбиелеудің өктемшілдік тәсілінің немесе керісінше жасөспірімді шамадан тыс еркелетіп, қамқорлыққа алудың орын алуы.

Дүние жүзінің психолог мамандары әлеуметке қарсы мінез-құлықтың белгілері бойынша балаларды келесі топтарға бөледі:

- мектепке дейінгі жастағы және бастауыш сынып балалары. Кіші жастағы балалардың бойындағы қоғамға қайшы мінез-құлықтар балалар ұжымында қарым-қатынас құра алмауынан; оқыту сабақтарына қызығушылығының болмауынан; отбасы мүшелеріне, басқа адамдарға, жануарларға қатысты агрессиялық және қатыгездік әрекеттерден көрініс табады.

Кіші жастағы мектеп оқушылары өздерінің қоғамға қайшы әрекеттер көрсетулерімен бірден «қиын бала» анықтамасын алады, оларды мектеп мұғалімдері мен әкімшілігі ерекше назарға ұстайды. Бұл жағдай проблеманы ушықтыра түседі, себебі баланың бойында тіл алмаушылық, тапсырмаларды орындаудан, ұжыммен бірлесіп жұмыс істеуден бас тартушылық тәрізді қарсылық әрекеттерін тудырады.

Мұндай типтегі мінез-құлық бұзылуы себептерінің көріністері медициналық, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік болуы мүмкін:

1. Медициналық факторлар туа біткен (құрсақтағы даму кезіндегі ұрықтың түрлі этиологиялық бұзылыстары); тұқым қуалаушылық (мінез-құлық ауытқуларына генетикалық бейімділік); жүре пайда болған (жұқпалы аурулар, бас сүйегі-ми жарақаты, психосоматикалық патологиялар).

2. Педагогикалық себептер деп отбасында бала тәрбиесінде жіберілген қателіктерді айтады. Ата-анасының жаман үлгісі, шамадан тыс қамқорлық, ата-аналық міндеттерін дұрыс орындамау, негізсіз жазалаулар, шамадан тыс талаптар, балаға керекті базалық қажеттіліктерге көңіл аудармаушылық мінез-құлықтағы көптеген ауытқушылықтарға әкеп тірейді.

3. Психологиялық факторлар медициналық және педагогикалық себептер аясында қалыптасады, яғни: отбасындағы лайықсыз атмосфера мен бас миы және жүйке жүйесі патологиясы бірлесе отырып, бала психикасының жағымсыз өзгерістеріне әкелері сөзсіз. Бұл басқыншылық әрекеттердер, басқаруға көнбеуден, ересектермен қарым-қатынас жасау ниетінің болмауынан көрініс табады.

4. Әлеуметтік себептер дегеніміз – материалдық және әлеуметтің теңсіздік және осыған байланысты мазақтар, кемсітулер, құрбылары тарапынан қудалау жатады. Сонымен қатар, бұл себепке нашақорлыққа, маскүнемдікке салынған ата-аталармен қолайсыз отбасында өмір сүруді де жатқызуға болады.

Үлкендердің қарауынсыз қалдырылған балалардың жекелеген қатыгездік және басқыншылық көріністері мінез-құлықтың тұрақты бұзылуының даму көзі болып табылады. Болашақта бұл патологиялық зорлық-зомбылық және қылмыс жасау бейімділігіне айналуы мүмкін. Бірақ психологтар 7-8 жаста «девианттылық» ұғымын қолданбайды, себебі ол іс-әрекеттің саналы бағыттылығын қарастырады, ал бұл мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаға тән емес.

Қоғамға қайшы мінез-құлық жасөспірім балалардан неғұрлым жиі байқалады. Егер кіші жастағы баланы қажетті деңгейде түзетіп отырмаған болса, оның кері қылықтарын жасырып отырған болса, отбасы мүшелеріне және туыстарына қатысты зәбір көрсету немесе күш қолдану жасаса, онда жасөспірім шағына қарай оның бойында нақты мінез-құлық желісі қалыптасады және ол сол бағытты өмір бойы ұстанатын болады.

Көпшілік жағдайда бұндай жасөспірімдер өздерінің қоғамға қайшы әрекеттерімен орынсыз батырсынады, ата-аналары тарапынан жазасыздықтарын мақтан тұтады, бүлікші топтар құруға және оларды басқаруға тырысады. Құрдастарының ортасында қолдау тауып, өздерін ерекше деп сезінеді, ересектерге қатысты әдепсіз мінез-құлық көрсетеді, дөрекі сөздер айтады, мектеп және үй тапсырмаларын орындаудан бас тартады. Болашақта агрессия деңгейі өседі, жасөспірімнің үйден қашуы, төбелестерге араласуы, жыныстық байланысқа түсуі, қылмыстық топтарға кірігуі мүмкін.

Бейімделу, үлгерім, мінез-құлық жағынан қиындығы жоқ, берекелі отбасынан шыққан жасөспірімдер де қоғамға қайшы әрекет танытуы мүмкін. Достарының ықпалы, ата-аналарының қатыгездігі, «жаман жігіт» бейнесінің романтикалық қабылдануы және оларға қыздардың (жігіттердің) қарым-қатынасы, отбасылық проблемалар бұндай өзгерістердің себебіне айналуы мүмкін. Сонымен қатар, жасөспірімдердің қоғамға қарсы мінез-құлқына әсер ететін факторлар келесідей болуы мүмкін:

- жокшылықтың, тәрбиенің дұрыс болмауы, ата-ананың кері үлгісі салдарынан тұлғаның азып-тозуы;
- жастар субмәдениетінің әсері (пранктар, хиппилер, готтар, эмо т.б.)
- дінге тарту (вуду, сатанизм);
- қоғамға жат қылықтармен қоса жүретін музыкалық немесе спорттық фанатизм;
- өзінің білімін, дағдыларын, дарынын, материалдық қажеттіліктерін көрсету мүмкіндігі болмағандықтан, өз ісінің дұрыстығын дәлелдеу тілегі ретінде қолдануы;
- психологиялық тәуелділік түрлерінің біріне жақын болуы;
- сырқатқа байланысты физикалық проблемалардың болуы.

Көпшілік жағдайда жасөспірім өзінің түрлі дене бөліктеріне жарақаттар, сызаттар, күйіктер, пышақпен немесе басқа да өткір заттармен кесіктер жасау

арқылы агрессияны өзіне қарай бағыттайды. Дененің ауыруын сезіну арқылы ол өзінің эмоциялық қайғы-қасіретін басқысы келеді, баланың денесінен жарақаттар көрген жағдайда, оған дер кезінде көмектесуге тырысу қажет. Жасөспірімдердің аутоагрессиясы – өз-өзіне қол жұмсауы арқылы байқалады.

Аутоагрессия – агрессивті мінез-құлықтың әртүрлілігі, адамның өшпенділік әрекетінің өз-өзіне бағытталған жағдай. Өз-өзін кемсіту түрінде байқалады. Ал ауыр жағдайда өз-өзіне қол салу – суицизм байқалады [6].

Бүгінгі күні суицидалды мінез-құлықтың және өз-өзіне қол жұмсау әрекетінің алдын алу бойынша елеулі әлемдік тәжірибе жинақталған, бірақ өкінішке орай, бұл тәжірибе көптеген жағдайларда өз-өзіне қол жұмсауға бейімді немесе нақты адамдарға бағытталған. Сонымен қатар, суицидтің алдын алу бойынша жалпы (фронтальды) тәжірибенің тапшылығы байқалады.

Өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алуға бағытталған қолданыстағы бағдарламалардың ішінде халықаралық FAS бағдарламасының (ағылшын аббревиатурасы «отбасы және мектеп») тәжірибесі қызықты болып табылады. Бағдарламаның басты мақсаты – балалардың жалпы заңдылықтан ауытқыған мінез-құлықтарының алдын алуға және ата-аналарды балаларының проблемаларын өздіктерінен шешуге, сонымен қатар ата-аналарды жасөспірімді толғандыратын тақырыптарды талқылауға дайын болуға үйрету тәрізді ең озық технологиялармен таныстыру.

Алдын алудың кіріктірілген технологияларын түрлі санаттағы отбасыларына қолдану және ата-аналар мен балалардың біріккен іс-шараларын өткізу аталған бағдарламаның басым жағы болып табылады. Сонымен қатар, бұл бағдарлама оларды жүзеге асыру үшін арнайы дайындықты талап етпейтін, өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу бойынша біліммен және біліктермен қамтамасыз етеді.

Өзіне-өзі қол жұмсауды болдырмау бойынша халықаралық қауымдастығының (МАПС) (англ. International Association for Suicide Prevention, IASP) тәжірибесі де қызықты, бұл – халықаралық ұйым, оның басты мақсаты: дүние жүзі бойынша өзіне-өзі қол жұмсауды болдырмау [7].

Ұйымның ұсынысы бойынша әлемнің көптеген қалаларында өзіне-өзі қол жұмсауды ескерту қызметтері құрылған. Олардың іс-әрекеті халықтың көп тобына, бірінші кезекте психологиялық дағдарысқа ұшыраған, яғни өзіне-өзі қол жұмсауға бейім тәуекел тобындағы адамдарға бағдарланған.

Қауымдастық білікті немесе дәрі-дәрмектік емдеуге мұқтаж тұлғаларға медициналық және әлеуметтік-психологиялық көмек көрсетуді ұйымдастырумен, сонымен қатар өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алумен, суицид жасау барысында тірі қалғандарға көмек көрсетумен айналысады.

Өзіне-өзі қол жұмсауды болдырмау бойынша Халықаралық қауымдастық Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен (ДДСҰ) суицидалды мінез-құлықты ескерту бағытында тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді. Сонымен қатар, ұйым күйзеліс жағдайындағы жасөспірімдердің психологиялық дағдарысын тұрақтандыруға арналған ерекше алаң ретінде қызмет етеді.

Өзін-өзі өлтірудің алдын алу жөніндегі Халықаралық қауымдастықтың (International Association for Suicide Prevention) бастамасымен және ДДСҰ

қолдауымен 2003 жылдан бері 10 қыркүйекте жыл сайын Дүниежүзілік өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу күні (World Suicide Prevention Day) деп аталып өтіледі.

Соңғы онжылдықтарда балалар және жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жұмсаудың өсуі медицина қызметкерлері мен қоғамның қорқынышын тудырып отыр. ДДСҰ деректері бойынша 15-24 жас аралығындағы тұлғалардың өзіне-өзі қол жұмсауы соңғы он бес жылда 2 есе өскен, бұл жағдай экономикасы дамыған елдерде 2-3-ші орындарды алып отыр [8].

Зерттеушілердің көпшілігі балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлықтарының неғұрлым әдеткі себептеріне келесілерді жатқызады: ата-аналарымен және құрдастарымен жұтаң қарым-қатынас, жалғыздық, ата-анасының біреуін жоғалту, олардың ажырасуы, табыспаған махаббат, қызғаныш, ар-намысын қорлау, қатты қалжырау жағдайы, психикалық белсенді заттарды қабылдау нәтижесінде тұлғаның қорғаныш механизмдерінің бұзылуы, өзіне-өзі қол жұмсаған адаммен өзін теңестіруі, түрлі себептер бойынша қорқыныш, ашу және қапалану сезімдерінің түрлері.

Өзіне-өзі қол жұмсау мінез-құлқы дамуының (суицидтік үрдістер, өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттері және аяқталған суицидтер) алдын алуға бағытталған мемлекеттік, әлеуметтік-экономикалық, медициналық, психологиялық, педагогикалық және өзге де іс-шаралар жүйесін суицидтік мінез-құлықтың алдын алу деп айту қабылданған.

Өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу бойынша бірінші орталық 1948 жылы Вена қаласында ұйымдастырылған, ал 1953 жылы Лондонда суицидология қызметі пайда болды. Қазіргі кезде АҚШ-да өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу бойынша 200-ден, Англияда – 100-ден астам орталықтар бар және олардың саны өсуде.

АҚШ-да жабығуды (депрессия) анықтауға және емдеуге арналған скринингілік бағдарламалар жұмыс істейді. Бұл бағдарламалардың назарына жасөспірімдер де түседі.

Еуропалық альянстың жабығуды қарсы іс-әрекеттері аясында да осыған ұқсас бағдарламалар бар, олар Еуропа елдерінің он жеті аймағында жүзеге асырылады.

Еуропалық альянс іс-шараларды төрт деңгейде әзірлейді және қолданады:

- бірінші деңгей: терапевтармен және педиатрлармен жұмыс. Мақсаты – мамандандырылған бұл топты пациенттермен қарым-қатынас жасау жағдайында жабығуды және суицидтік үрдісті қалай анықтауға болатынына үйрету;

- екінші деңгей: халықтың түрлі топтарын ақпараттандыру бойынша шараларды әзірлеу және жүзеге асыру. Ақпараттық кампания мақсатты аудиторияға бағытталған бейнематериалдар, жарнамалық постерлер және Интернет-сайттар әзірлеуді көздейді. Басты мақсаты – адамдарды жабығудан емделуге болатындығы туралы хабардар ету, жабығудан зардап шегетін адамдардың стигматизациясын (қандай да бір сапа (әдетте, теріс) таңып қою) төмендету;

- үшінші деңгей: тәуекел тобының өкілдерімен жұмыс. Ол суицид жасағысы келген жасөспірімдерге, сондай-ақ ересек адамдарға дағдарыс орталықтарында кәсіби дереу көмек алуға болатынына кепілдік беретін «жедел жәрдем картасы» деп аталатын ақпараттар таратуды қарастырады;

- төртінші деңгей: бірқатар кәсіптік топтардың өкілдеріне (атап айтқанда – әртүрлі әлеуметтік қызметкерлерге және кеңесшілерге, полицияға, діни қайраткерлерге және т. б.) арналған оқыту бағдарламалары. Олардың мақсаты – бұл топтарды жабығу дегенге қатысты ақпараттандыру. Осы бағыт аясында ата-аналар мен мұғалімдерге бағдарланған арнайы шаралар әзірленеді. Мақсаты – балалар мен жасөспірімдердің жанында болатын әлеуметтік осы агенттерді өзіне-өзі зақым келтірудің және суицидтік мінез-құлықтың себептері туралы ақпаратпен қамтамасыз ету.

Қорытындылай келе, осы бағыт шеңберінде бұқаралық ақпарат коммуникацияның өкілдеріне арналған ұсынымдар әзірленеді. Ұсынымдарда «еліктеме суицид» деп аталатын суицид жағдайларын болдырмауға мүмкіндік беретін жариялауларды қалай жасауға болатыны туралы айтылады [9].

Сонымен қатар, ДДСҰ бұқаралық ақпарат коммуникацияларында суицид жағдайларын неғұрлым жақсы ойластырып қана жариялауды ұсынады. Бұндай бағдарламалардың негізгі мақсаты – жасөспірімдердің өз-өзін бағалауын жоғарылату, олардың дағдарыстық жағдайларды жеңу дағдыларын дамыту, жасөспірімдерді шешім қабылдау, коммуникативтік дағдыларын жақсарту бойынша стратегияларға үйрету.

Ресейде және басқа елдерде өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу мамандандырылған суицидологиялық қызметтерін («сенім телефондары», әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету кабинеттері, дағдарыстық бөлімшелер) ұйымдастыру, мамандарды суицидтік үрдістерді тануға оқыту, халықтың өз-өзіне қол жұмсау құралдарына қол жетімділігіне шектеу қою, бұқаралық ақпарат құралдарындағы өзін-өзі өлтіргендер туралы хабарламалардың мазмұнына бақылау жасау арқылы жүзеге асырылады.

Қазіргі заманғы суицидтік тәуекелдің алдын-алу жалпы профильді ауруханалардағы психиатриялық шұғыл көмек көрсету кабинеттерін, психикалық денсаулық орталықтарын, психиатриялық клиникаларды, суицидке қарсы бюроларды, телефон арқылы психологиялық көмек көрсету орталықтарын, улануды емдеу орталықтарын біріктіреді. Осы қызметтердің әрқайсысы суицидке бейім тұлғаларға өздеріне тән құралдармен маңызды көмек көрсетеді.

Суицидологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру – бұл суицидке (аутоагрессивті) бейім ауру адамдарға мамандандырылған көмек көрсетуге бағытталған, емдеу-алдын алу шаралары жүйесі [10].

Қазіргі уақытта әлемдік тәжірибе әдістемелердің және білім беру технологияларының көмегімен әлеуметтік қақтығыстарды уақытылы шешуге болатынын, жасөспірімдердің әлеуметтік ауытқуларының әр түрлі формаларының алдын алуды жүзеге асырудың тиімді жолдарын көрсетеді.

Германия Федеративтік Республикасының білім беру жүйесіндегі зорлық-зомбылықты болдырмау және гуманизм принциптеріне негізделетін,

өзінің құрамына интернационалдық алдын алу идеялары мен технологияларын қамтыған, жанжалдардың алдын алу және сақтандыру бойынша әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеті мұндай тәжірибеге мысал болып табылады.

Қорғау, алдын алу, ескерту, жою және бақылау алдын алудың мәнін ашатын негізгі ұғымдар болып табылады. Жасөспірімнің қақтығысты мінез-құлқының әлеуметтік-педагогикалық алдын алу және түзету жұмыстары өзінің құрамына тұлғаны жан-жақты психологиялық-педагогикалық зерттеуді (жеке тапшылық диагностикасы), әлеуметтік ортаның қолайсыз факторларын анықтауды және зерделеуді (ортаны диагностикалау), ортаны түзетуді (сонымен қатар, тәрбиелеудің тиімсіз әдістерін) және тұлғаның үйлесімсіз (дисгармониялық) ерекшелігін түзетуді қамтиды [11].

Германияда әлеуметтік превенция (алдын алу) тұлға мінезіндегі ауытқулардың алдын алуға бағытталған әдістер кешені ретінде қарастырылады. Превенция аясында диагностикалық шаралар жүргізіледі. Бұл әлеуметтік құбылысты зерттеудің кешенді процесі, мақсаты – проблеманың жағдайын және оның одан әрі даму үрдісін сипаттайтын себеп-салдарлық байланыстарын және қарым-қатынастарын анықтау, айырып тану және зерттеу. Алдын алу жұмысы өмір сапасын жақсартуға, күш көрсету мінез-құлқынан бас тартуға ықпал ететін арнайы педагогикалық және тәрбиелік шараларды қолдану арқылы жасөспірімнің әлеуметтік, отбасылық, жеке жағдайларын өзгертуді болжайды.

Алдын алудың педагогикалық міндеттерінің аясы өте алуан түрлі болып келеді, мысалы: мұғалімдерді қиын балалармен жұмыс істеуге даярлау, әлеуметтік ахуалын жақсартуға жәрдемдесу; психологиялық зардаптарды және әлеуметтік қауіпті жағдайды жою; есірткі заттарын, алкогольдік ішімдіктерді қабылдау тәуекелін төмендету; просоциалды немесе «басқа адамдарға немесе жалпы қоғамға пайда әкелетін» әлеуметтік мінез-құлық жаттықтыру және қалыптастыру.

Білім беру және әлеуметтік-педагогикалық мекемелердің алдын алу жұмысы келесі қызмет түрлерін қамтиды: мінез-құлқы күрделі, қолайсыз жасөспірімдерді, проблемалық отбасыларын ерте анықтау; оларға педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік және заңгерлік көмекті уақыты көрсету. Германияның мемлекеттік әлеуметтік-ескертудің (алдын алудың) құқықтық механизмдерін Балалар мен жастарға көмектесу туралы жаңа заңы анықтайды (1991 ж.).

Германияда алдын алу жүйесіндегі шешуші роль мектептер мен әлеуметтік-педагогикалық мекемелерге беріледі.

Мектептерде оны арнайы дайындалған педагог кадрлар – мектептің әлеуметтік педагогы, педагог-кеңесші және мектеп психологы жүзеге асырады.

Мектептің алдын алу жүйесі әлеуметтік қызметкердің және басқа да мамандардың мектептегі жобалау қызметін; педагогикалық қызметкерлер мен оқушыларға арналған жанжалтану бойынша курстар мен тренингтерді (Mediation); әлеуметтік құзыреттіліктер бойынша мектеп акциялары мен сабақтары;

– ұзартылған күн тобын және ата-аналардың қоғамдық жұмыстарын ұйымдастыруды; алдын алудың жалпы мектептік жан-жақты бағдарламасын; спорттық және туристік іс-шараларды енгізуді («алаңдау және күтпеген жағдайлар педагогикасы» – *Erlebnispädagogik*) және басқаларды қарастырады.

Қолданыстағы барлық алдын алу бағдарламаларында бірнеше негізгі факторлар байқалады. Әр түрлі қорлар мен ұйымдар өткізетін іс-шаралар келісіледі және алдын алудың ерекше блогына біріктіріледі. Осылайша, мысалы, метептің апта сайынғы жобалары аулалық (көшелік) әлеуметтік жұмысшыларының іс-әрекеттерімен біріктіріледі. Полиция ұйымдастыратын әрекеттерге, міндетті түрде нақты бейресми топтардың жетекшілері қатыстырылады – осы топпен (скинхедтер, солшылдар, футбол фанаттары, көше қаңғыбастары) жобалық жұмыс өткізіледі, алдын алу акциялары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Іс-әрекеттері балалар мен жастар арасындағы шиеленістердің және зорлық-зомбылықтардың алдын алуға бағытталған мемлекеттік мекемелермен және жобалармен қатар, жастарға көмек көрсететін «Әлеуметтік қызметтерді еркін тасушылар (*Freie Träger*)» қоғамдық ұйымдары жұмыс істейді. Бұлар мемлекеттік емес бірлестіктер мен одақтар, тәуелсіз қайырымдылық ұйымдары, шіркеулер және діни бірлестіктер (Қызыл Крест, «Каритас» католиктік одағы, «АВО» біріккен еңбекшілер ұйымы және т.б.) [12].

Германия тәжірибесінің талдауы жақсы ұйымдастырылған және нақты заңды мәртебесі бар педагогикадағы алдын алу жұмыстары, елеулі әлеуметтік әсер әкелетінін, әлеуметке қарсы қылықтар санының азаятындығын айғақтайды. Қудалаулармен, жазалаулармен байланысты емес алдын алудың балама шараларын қолдану, мемлекетке жасөспірімді жаңа деликтер (заң бұзушылық) жасаудан сақтап қалу мүмкіндігін береді. Қазіргі заманғы білім беру тәжірибесі алдын алу жүйесінің инновациялық дамуы оның шегінен шығуды, сонымен қатар пәнаралық және кросс-мәдениетті (әр түрлі қоғам туралы деректер) сипаттағы тиісті білімдерді тартуды талап ететінін көрсетеді.

Қоғамға қарсы (әлеуметке қайшы) мінез-құлық басқа адамдарды, меншікті, әлеуметтік нормаларды немесе ережелер мен заңдарды қорлайтын, тіл тигізетін мінез-құлық ретінде кеңінен анықталған.

Кіші жастағы балалардың бойындағы қоғамға қайшы мінез-құлық бала бақшада немесе мектепте бүлдіру және сөз қайтару немесе күш көрсету агрессиясы ретінде, ал жасөспірімдердің бойындағы қоғамға қайшы әрекет те құқық бұзушылық мінез-құлық және психикалық белсенді заттарды пайдалану арқылы көрініс табады. Бұл жағдайда алдын алу шараларын маңызды саясат ретінде ата-аналардың көмегімен ерте бастау қажет.

Швецияда ата-аналардың қызметтік қолдауы үкіметтік алғышарт болып табылады, сонымен қатар Денсаулық сақтау және әлеуметтік істер министрлігінің бастамасы бойынша бірқатар бағдарламалар әзірленген. Ата-аналарға арналған бағдарламалар әлеуметтік қызметтер және клиникалар, мектептер, жастар клиникалары, мемлекеттік емес ұйымдар аясында ұсынылады. Бағдарламалар негізінен ата-аналардың мінез-құлқын өзгертуге, коммуникативтік дағдыларын жақсартуға және өз балаларының әлеуметке

қарсы мінез-құлықтарын қалайша өзгертуге болатын білімдерін кеңейтуге бағытталған.

Ата-аналарды басқару бойынша тренинг қолма-қол оқыту және әлеуметтік оқыту принциптеріне негізделген, тәрбие бағдарламасына арналған жалпы термин болып табылады. Ата-аналарды оқыта отырып, ата-аналардың неғұрлым жағымды дағдылары (мысалы, «проәлеуметті мінез-құлық» немесе «басқа адамға пайда әкелетін ерікті мінез-құлық» үшін баланы мадақтау) және ата-аналардың негативті және дөрекі тәжірибелері қолданылады. Бұл бағдарламалар балалардың бойындағы проәлеуметті мінез-құлықты қолдауға бағытталған.

Сонымен қатар, ата-аналарға және отбасыларына арналған бағдарламалар ең алдымен кәмелеттік жасқа толмаған балалардың алкогольді ішімдіктер мен психикалық белсенді заттарды қолдануын болдырмауға бағытталған.

АҚШ ең үздік танымал бастамаларының бірі – «Ата-аналар және жастар үшін отбасын нығайту» бағдарламасы. Аталған бағдарлама 10 жастан 14 жасқа дейінгі (SFP 10–14) балалардың ата-аналарына арналған. SFP бағдарламасы бастапқыда психикалық белсенді заттарды қолданатын ата-аналар мен олардың балаларына арналған болатын, алайда жылдар өткен сайын ол халықтың жаңа топтарының қажеттілігін қанағаттандыру үшін өзгертілді. SFP 10–14 мектептерде жүзеге асыру үшін сыныптағы барлық балаларға және олардың отбасыларына, яғни балалардың даму тәуекелі немесе қоғамға қарсы мінез-құлқы деңгейіне қарамастан ұсынылады. Бұл мультимодалды араласу, оның құрамына ата-аналарға және балаларға арналған жеке сабақтар, сонымен қатар отбасылық сабақтар жатады (мультимодалды – жүзеге асырудың бірнеше тәсілін қарастырады немесе қолданады). Бағдарламаның модельдік тұрақтылық және жасөспірімдердің заттарды қолдануының әлеуметтік экология моделі тұрғысынан теориялық негізі бар және бұл ең алдымен жасөспірімдер мен ата-аналарға арналған қорғаныс факторларын күшейтуге бағытталған. Әр сеанс тәуекелдің нақты факторына және одан қорғану жолдарына арналған. Ата-аналардың барлық сабақтары психикалық белсенді заттарды қолданумен байланысты бейне материалдарға негізделген және коммуникативтік дағдыларды, отбасылық байланыстар мен күтілетін нәтижелерді жақсартуға бағытталған.

Жасөспірімдердің бойындағы әлеуметке қайшы мінез-құлықтың алдын алу және болдырмау үшін жоғарыда айтылған бағдарламалар кейінірек «12-18 жастағы жастардың ата-аналарына арналған комета» және 13-17 жастағы жастардың ата-аналарына арналған ParentSteps бағдарламалары болып бейімделген. Бұл екі бағдарлама екінші қайтара алдын алу деңгейінде жүргізіледі, яғни олар қоғамға қайшы мінез-құлқы ерте байқалған жасөспірімдердің және осындай әрекетке бейім балалардың ата-аналарына бағытталған [13].

Американдық зерттеушілердің деректері бойынша, алдын алу шараларын ерте бастаған (тәуекел деңгейі жоғары отбасыларының мектепке дейінгі жастағы балалары үшін) неғұрлым жақсы және тұрақты нәтиже береді. 60-жылдары Мичиганда әзірленген мектепке дейінгі Перри (Perry Preschool

Project) жобасы он тоғыз жыл бойы әрекет етті. Жобаға әлеуметтік ахуалы төмен және әлеуметке қайшы әрекет деңгейі жоғары отбасыларынан шыққан, IQ (ақыл-ой дамуы коэффициенті) деңгейі төмен 3-4 жастағы қара нәсілді 123 бала қатысты. Барлық балалар кездейсоқ тәсілмен эксперименттік және бақылау топтарына бөлінді. Эксперименттік топтың балалары мектепке дейінгі жастағы балаларды дайындаудың арнайы бағдарламасымен оқытылды, бұл бағдарлама күнделікті сабақтармен қатар, отбасын бақылауға мүмкіндік беретін, үй жағдайында отбасымен күнделікті кездесулер өткізуді қарастырады. Бағдарламаның мақсаты – баланың ақыл-ойын дамытуға, оқу ынтасын арттыруға көмектесу, басқа адамға пайда әкелетін ерікті мінез-құлық тәрбиелеу және отбасы ішіндегі қарым-қатынастарды түзету. IQ өсуі уақытша сипатқа ие болғанымен, мектепке дейінгі оқу тобы мүшелерінің оқу үлгерімдері бақылау тобымен салыстырғанда жақсарғанын көрсетті, кейінірек сол топтың көпшілігі жоғары оқу орындарына түсті, неғұрлым жоғары лауазымдарға ие болды және қамауға алынулары да сирек болды [14].

Қазіргі кездегі американдық мектептер «өмір салтын» таңдауға, психологиялық-әлеуметтік мамандықтарға көп көңіл аударады. Осыған байланысты түрлі жағдайларда шешім қабылдауға үйрету тұлғаны тәрбиелеу бағдарламасының маңызды бөлігі болып табылады. Жұмыс бірізділікпен, кезең-кезеңмен жүргізіледі. Алдымен, оқушылардың бойында болып жатқан түсініксіз («проблема бар!») жағдайлар туралы белгі беретін физикалық, эмоцияналды, мінез-құлықтық ерекшеліктермен танысу жүргізіледі. Ол үшін өзін-өзі бақылау және өзін-өзі талдау дағдылары қажет. Содан соң жағымсыз салдардың алдын ала білу дағдысы дамиды. Келесі кезеңде назар ықтимал қиыншылықтардан шығу және неғұрлым тиімді шешім табу мүмкіндіктеріне шоғырланады. Оқыту процесінде пікір тұжырымдау, проблеманы талқылау, қиын жағдаятта кеңес алу тәрізді коммуникативтік дағдылар дамиды және құндылықты бағдарлар пайда болады.

Кезеңмен оқытудың осындай тәсілі алдын ала бағдарламаланған қасиеттер қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқытудың тиімділігін арттыру үшін жағдаяттар, соңынан түзетулер енгізілетін бағдарлар қолданылады. Әлеуметтік тәжірибе жинақтау, бірқатар психологиялық, әлеуметтік-психологиялық және функционалдық біліктер жинақтау бір уақытта жүреді [15].

АҚШ пенитенциарлық мекемелерінде (қылмыстық атқару жүйесі, латын тілінен *penitentia* «өкіну») мейірімділік пен адамгершілікті қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Кеңес Одағының алғашқы жылдарында А. С. Макаренконың бастауымен құрылған коммуналардың түпбейнелері, бүгінгі күні АҚШ мен Ұлыбританияда бар. Бұл коммуналардың мақсаты жаңылыс басқан жасөспірімдер мен жастардың бойында қоғамда «тірі қалу» дағдыларын қалыптастыру. Коммуналар бірлесіп шаруашылық жүргізу мен бірге өмір сүруді қарастырады, сондықтан да олардың қызмет етуі үшін көптеген қызмет көрсету салаларымен бірлесіп жұмыс істеуді қажетсінеді және қаражат жинау, аймақ іздестіру, полициямен және жергілікті колледждермен және

университеттермен қарым-қатынас орнату, жергілікті халықтың қолдауын алу тәрізді мәселелерді шешуі тиіс.

АҚШ-да, Ұлыбританияда, Канадада, Еуропаның бірқатар елдерінде алдын алу мақсатында келісім-шарт жасау қолданылады. Бұл келісім-шарттар ата-анамен баланың, мұғаліммен оқушының арасында жасалуы мүмкін. Алайда, егер келісім-шарттар жасасу алдын алудың көпкомпонентті бағдарламасына кіріктірілген болса, сонда неғұрлым тиімді болады. Егер ата-аналар баланы бақылау қызметін орындамаса, сондай-ақ мұғалім жасөспірімнің құрметіне ие болмаса, онда жасөспірімнің әлеуметке қайшы мінез-құлқының алдын-алуда бұл тәсіл ешқандай нәтиже бермейді [16].

Лос-Анджелесте қылмыстық әрекетке бейім жасөспірімдерді түзету мекемелеріне саяхатқа апаратын бағдарлама бар. Жасөспірімдер полиция бөлімшесінде, алдын ала қамау камерасында, кәмелеттік жасқа толмағандарға арналған түрмеде, мәйітханада болады. Бұндай «саяхаттан» алған әсер балалардың ол жерде болу деген тілегін тежейді. Жасөспірімдердің ата-аналары баланың осындай бағдарламаға қатысуына жазбаша келісім береді.

Құқық бұзуға бейім жасөспірімдермен және олардың күнделікті ортасымен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін, Престон мен Карнегидің (*Бирмингем, Ұлыбритания*) бағдарламасы ғалымдар мен тәжірибешіл адамдардың қызығушылығын тудырады. Бұл бағдарламада жеке мақсаттар қою мен келісім-шартқа отыруға; мектеп бітіретін жасөспірімдерге еңбек дағдыларын дамытуға көмектесетін Скиннердің жетондық (темір белгілі) жүйесі қолданылады. Одан арғы бақылау бір жыл өткеннен кейін топтың көп бөлігі жұмыс істеп жүргенін, тек бірнеше адам ғана қылмыс жасағанын көрсетті.

Таяныштық үйрету теориясының негізін қалаушы американдық ғалым Б. Ф. Скиннер ұсынған (*Operant conditioning*) жетондық жүйе көптеген елдерде қолданылады. Мінез-құлықты жағымсыз (ұнамсыз, науқастық, жазалаушы) бақылаудың орнына Скиннер орынсыз әрекеттерді жоюдың неғұрлым тиімді тәсілі ретінде негізделген немесе позитивті жәрдемді ұсынады. Ол позитивті жәрдем жағымсыз түрткілермен байланысты кездейсоқ келеңсіз құбылыстарды болдырмайтынын және олардың адам қалыптастыру үшін неғұрлым жарамды екенін дәлелдеді. Әртүрлі қалаулы қызметті көтермелеу үшін символдық алмастырғыш – жетон енгізіледі, ол пластикалық карточка немесе баға тәрізді қалаған нәрселердің біраз санын қол жетімді (заттарды немесе іс-қимылдарды) қылады. Осылайша, тұлғалар үй жинау, оқу тапсырмасын аяқтау немесе бастама көрсету, көркемөнерпаздар, қолданбалы өнер сайыстарына қатысу және т.б. жағымды әрекеттері үшін марапатталуы мүмкін. Кейбір бағдарламаларда жасөспірімдер төбелес бастау, оғаш әрекеттері немесе міндеттерін орындаудан бас тартуы тәрізді жағымсыз мінез-құлықтары үшін жетондарынан айырылып қалулары мүмкін. Марапаттаудың жетондық жүйесі сыныпта «қалыпты» балалармен де, қылмыс жасауға бейім жасөспірімдермен де, сонымен қатар есірткі заттарын қолдануға бейім адамдармен де қолданылғанын айта кету қажет. Оның міндеті жасөспірімдер мен балалардың

бойындағы қорқынышты, гипербелсенділікті, агрессивті мінез-құлықты жоюға бағытталғандығында [17].

Жапонияда жасөспірімнің білім алуы мен әлеуметтенуі осы процеске қатысушылардың арасындағы эмоционалдық тықыз байланыстың болуымен сипатталады. Осы байланыстың болуының арқасында ересектер қоғамында қабылданған мінез-құлық нормалары мен моральдық құндылықтар, өскелең ұрпаққа жеңіл дарытылады.

Жапонияда әсіресе жастардың арасында, қылмыстың даму деңгейі төмен. Ел саясатында жастардың девиантты мінез-құлқын жеңудің өзіндік ерекшелігі бар. Жапония үкіметінің өскелең және жас ұрпақтың мінез-құлық ауытқушылықтарының алдын алудың дәстүрлі шараларының инновациялық іс-әрекеттермен үйлесімділігіне негізделген күресінің көп жылдық тәжірибесі оның жан-жақтылығын мойындауға мүмкіндік береді.

Жас адамдардың болашаққа сенімсіздіктерін, қоғамды басқару әдістеріне қанағаттанбаушылықты кәмелеттік жасқа толмағандар мен жастар арасындағы қылмыстың негізгі себептеріне жатқызады. Жапонияда жүргізілген зерттеулер кәмелет жасына толмағандар арасындағы құқық бұзушылыққа негізінен ата-анасыз өскендер және аз қамтылған отбасынан шыққандар баратынын көрсеткен.

Ел билігінің мақсатқа бағдарланған қызметі білім беруді стандарттаудың жоғары деңгейде болуына шоғырланған. Бұл жағынан Жапония мектепке дейінгі білім орталық төрешілікпен реттелетін Франция мен Швецияға ұқсас және бұл ұйымдар әдетте жергілікті муниципалитетпен басқарылатын АҚШ пен Ұлыбританиядан өзгешеленеді. Балаларды тәртіпке үйрету, олардың оқуын қатаң бақылау, оқу бағдарламаларын жалпыұлттық деңгейде толық және жан-жақты стандарттау – өзінің адами және материалдық ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыру үшін мемлекет қолданатын құралдар болып табылады. Әлеуметтендіру институттарының және оның нысандарының өзара тығыз іс-қимылы, Жапония өскелең ұрпағының құндылықтарды және ересек адамдар арасындағы нормаларды үлкен ізеттілікпен қабылдайтындықтарын көрсетеді. Ауытқудың кез келген көрінісі көп жағдайда жасөспірімдердің қабылдамауын тудырады.

Бәрі балалық шақтан басталады. Жапониядағы мектепке дейінгі тәрбиенің басты мақсаты – дербестікке, баланың алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерді толыққанды орындауға қол жеткізуге ұмтылуын, топта өмір сүру үшін лайықты әдеттер мен дәстүрлерді бекіте отырып, бір мезгілде ресми және бейресми мінез-құлық арасындағы айырмашылықтарды сезінуге тәрбиелеу (бірінші кезекте топтың басқа да мүшелерімен қарым-қатынас жасаудан қанағаттану сезімін сезінуді қоса алғанда).

Жапондық зерттеушілер А. Кадоваки мен М. Такидің тұжырымдауларына, әлеуметтену дағдыларының жетіспеушілігі жасөспірімдердің ауытқушылықтарының негізгі себебі болып табылады.

М. Таки күйзеліс көзі мен девиантты мінез-құлық арасындағы өзара тығыз байланысты анықтай отырып, «Құрбы-құрдастарды қолдау бойынша бағдарлама» деп аталатын бағдарламаны ұсынады. Оның мақсаты – девиация

деңгейін төмендету үшін мектеп оқушыларының әлеуметтену проблемаларын шешу. Атап айтқанда, «әлеуметтену дағдыларын жақсартуға арналған тренингтің» көмегімен жастық топтар ішіндегі жасөспірімдердің қарым-қатынасын реттеу – жапондық қоғам үшін дәстүрлі болып саналатын, балалар мен жасөспірімдердің өзін нақты әлеуметтік топта бірегейлендіруге көмектесетін, олардың бірлескен әрекет түрлерін жаңғырту.

Жапония жұртшылығы қылмыстылықтың алдын алу процесінде негіз қалаушы рөл атқарады. Үкіметтің заңнамалық бастамалары және мамандандырылған бағдарламалары қоғамның уақытылы жасалған үндеуі мен қолдауын таппаса соншалықты тиімді және әрекетті болмас еді. Жапония үкіметінің девианттылыққа қарсы саясатының сипаты соңғы онжылдықта айқын байқалады, мектептің орта және жоғары сыныптарындағы алдын алу, сонымен қатар жастардың девиантты мінез-құлқының алдын алу мақсатында үкіметтің, отбасының, мектеп және қоғамның күш-қуатын біріктіруге мүмкіндік беретін шараларға бағытталған.

1980 жылдан бері Жапонияда шағын қалалар мен деревняларда кәмелетке толмағандар ісі бойынша жергілікті орталықтар құрылған және табысты жұмыс істейді. Олардың жалпы саны алты жүзге жуық. Әр орталық өмірлік қиын жағдайға тап болған жасөспірімдерге көмек көрсетеді. Бұл орталықтардың қызметкерлерінің іс-әрекеттері оқудан бас тартқан балалар мен жасөспірімдерді анықтауға бағытталған. Сондықтан қызметкерлер кезекшілікке азаматтық киімде шығады және көшеде, ойын автоматтары залдарында, кинотеатрларда, дүкендерде және т.б. жерлерде жасөспірімдерге бақылау жүргізеді [18].

Эндрюс, Бонта, Ходж тәрізді Батыс ғалымдары жасөспірімдердің қылмыс жасауға бейім мінез-құлықтарының алдын алу бойынша қолданыстағы бағдарламалардың талдауын жасады. Жақсы нәтиже алу үшін шешуші болуы мүмкін үш факторы бар – олар: алдын алуға араласуды өткізу орны, нысана және өзгеру модельдері.

Бірінше фактор – орындар – жүйелі жұмыс жүргізілетін мектептің табысты іс-әрекетімен байланысты, ол келесі іс-шараны өткізуге арналмауы тиіс. Әлеуметтік-педагогикалық технологиялар енгізілетін мектепте, құқық бұзушының дербестігіне бағытталған жасөспірімдермен жүргізілетін алдын алу жұмыстары өте нәтижелі болады.

Тиімділіктің екінші факторы – алдын алу әсерінің дұрыс таңдалған нысанасы – ол психология, педагогика, медицина салалары мамандарының араласуын талап етеді. Құқық қорғау органдары қызметкерлері әлеуметке қарсылықтың эндогендік себептерін анықтай алмайды, сондықтан алдын алуда негізінен сыртқы, әлеуметтік-экономикалық факторлар ескеріледі, бірақ олардың нақты қылмыс түрімен байланысы өте әлсіз болуы мүмкін.

Алдын алу жұмысы табыстылығының үшінші факторы – өзгерістер моделінің бірінші дәрежелі маңыздылық проблемасы болып табылады. Осындай жұмыстың негізінде өзгерістер моделі болуы тиіс және ол қылмыстық мінез-құлық теориясына сүйенуі керек. Ол криминалды мінез-құлық сипаттамаларына, мысалы, тұлғалық қасиеттерге бағдарланған болуы тиіс [19].

Ресей Федерациясында білім беру мекемелерінде медиация (дауларды реттеудің баламалы технологияларының бірі) қызметтерін құру бойынша іс-әрекет бағыты белсенді дамып келеді. Мектептер аймақтық «Білім беру ұйымдарында медиация қызметтерін дамыту» инновациялық жобасына белсенді атсалысуда, медиация қызметтерін дамыту бойынша мектептер Қауымдастығын құру жоспарланып отыр.

Кез-келген әлеуметтік ортада өз мүшелерінің арасында толерантты қарым-қатынас болуына назар аударылады, өйткені мұндай қарым-қатынастар сындарлы ынтымақтастықтың негізі болып табылады.

Медиация білім алушылардың бойында толеранттылықты қалыптастыруды қамтамасыз ететін құрал қызметін атқарады және орта білім беру ұйымдарында балалар мен жасөспірімдер арасында әлеуметке қарсы көріністерді болдырмауға ықпал етеді [20].

Мектептерде білім беру ұйымының қызметін ұйымдастыруды нормативтік-құқықтық, медиация қызметін құру бойынша іс-әрекетті кадрлық, ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыз ету бейнеленген «жол картасы» әзірленген.

Мектеп медиаторларын дайындауды жүзеге асыратын «Қарым-қатынас» клубы құрылған. Сондай-ақ, мектептерде медиация қызметін құру үшін кадрлық қамтамасыз етуге іріктеу жұмысы жүзеге асырылады, сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігінің медиациялық тәсілді жүзеге асыру мәселелеріне бағдарланған жұмыс жоспары құрылған, медиациялық тәсілді іске асыру мәселелері бойынша педагогтардың құзыреттілігін арттыруға арналған іс-шаралар жүргізіледі.

Ата-аналар жиналыстары арқылы ұйымдастырушылықты қамтамасыз ету бойынша ата-аналарға (заңды өкілдерге) психологиялық-педагогикалық кеңес беру жүргізіледі, 5-11 сыныптарда жанжалдарды сындарлы шешу бойынша оқушылардың әлеуетін зерттеуге арналған сауалнама өткізіледі. Нәтижелері: ата-аналардың (заңды өкілдердің) психологиялық-педагогикалық білімінің артуы; сынып ұжымында жанжалдық жағдайларды шешуге қатысуға дайындық туралы ақпарат алу; білім алушылардың медиация мәселелеріндегі құзыреттілігінің артуы.

Ресейдің білім беру мекемелерінде «Мінсіз сөйлесуші/келіссөз жүргізуші», «Жанжал жағдайында жастардың тиімді мінез-құлық дағдыларын дамыту» және басқа бағдарламалар бойынша сабақтар, білім беру ұйымында Медиация қызметін ұйымдастыру туралы ата-аналар қауымдастығын ақпараттандыру жүргізіледі.

Ата-аналардың (заңды өкілдердің) мәселе бойынша және мектептің білім беру процесіне қатысушыларының ақпараттан жалпы хабардарлығының артуы аталған іс-әрекеттің нәтижесі болып табылады. Мектептерде мектептің татуластыру қызметін дамыту бағдарламасы әзірленген, оның мақсаты құқық бұзушылықтың алдын алуға және қалпына келтіру бағдарламалары принциптері негізінде жанжалды жағдайларға қатысушыларды әлеуметтік оңалтуға көмектесу болып табылады. Бағдарламада татуластыру қызметі кураторлары (жетекшілері) жұмысының негізгі бағыттары белгіленген:

- педагогтар мен оқушылардан мектептің татуластыру қызметін қолдау тобын құру; мектептегі жанжалды жағдайларға шара қолданудың басым тәсілдерін талдау;

- қақтығыстарды және шиеленісті қарым-қатынастарды шешудің қалпына келтіру тәсілін қабылдауға бағытталған мектеп мұғалімдері ұжымымен жұмыс;

- қалпына келтіру бағдарламаларын өткізу;

- мектеп қауымдастығын татуластыру қызметі жұмысының нәтижесі туралы ақпараттандыру (кездесуде болған оқиғаларды құпиялылықта сақтауды ескере отырып);

- татуластыру қызметін ұйымдастыру; мектеп қызметкерлерін және оқушыларын қалпына келтіру тәжірибесіне оқытуды ұйымдастыру;

- қалпына келтіру тәжірибелерін және қарым-қатынасты қалпына келтіру мәдениетін жарнамалау; татуластыру қызметіне оқушыларды іріктеу;

- татуластыру қызметінің оқушылар-медиаторлар командасын құру; Қызмет туралы ереже әзірлеу және қабылдау; істерді татуластыру қызметіне жіберуді ұйымдастыру схемасын әкімшілікпен анықтау және келісу;

- кездесулер, басқа да ұйымдастырушылық мәселелерін өткізу уақытын және орнын анықтау;

- оқушы-медиаторлармен сабақтар өткізу (медиаторлар клубын жүргізу);

- нақты жағдаяттар бойынша татуластыру қызметінің жұмысын ұйымдастыру;

- қызметке келетіндердің өтінішін тіркеу;

- әр жағдай бойынша: жағдайды қарастыру қажет пе екені туралы, қандай бағдарламаны өткізу туралы (медиация, «Қауымдастық клубы» немесе «Отбасылық конференция»), медиаторларды таңдау туралы шешім қабылдау [20].

Татуластыру қызметінің іс-әрекеті нәтижесінде мектептегі жанжалды сындарлы басқару мүмкіндігі пайда болады; қақтығыстар тәрбие жағдаяты ретінде пайдаланылады, дұрыс ұйымдастырылған жағдайда ол оқушылардың дамуына көмектеседі; педагогтардың кәсіби шеберліктерін қолдануға арналған «Қоғамдастық топтары» жұмысының барысында жан дүниені тепе-теңдік қалпына келтіру жүзеге асырылады; татуластыру саласында, балалар және балалар-ересектер ортасында тұлғааралық қарым-қатынас орнату бойынша жана білімдер мен практикалық дағдылар қамтылады, азаматтық білім беру және тәрбиелеу, оқушылардың әлеуметтенуі әдістері мен формаларының дамуы жүзеге асады; қиын жағдайлар мен қақтығыстарды шешуге қажетті жаңа педагогикалық құралдар игеріледі; балалар ортасында тәртіпті сақтау үшін қалпына келтіру тәсілін меңгеру жүзеге асырылады; мектептегі өзін-өзі басқарудың рөлі нығаяды.

Медиациялық тәсілдің тәрбиелік рөлі айқын – ол адамды дамудың ерте сатысында-ақ, оның болашақтағы іс-әрекеттерін, қылықтарын анықтаудың уәждемелік құрамдас бөлігімен қамтамасыз ететін болады.

Медиациялық тәсіл білім беру және тәрбиелеу саласында қауіпсіз орта құруға көмектеседі, ол ортада балалар қақтығыстық жағдайға дұрыс жауап

беруге, одан шығуға, қақтығыстық жағдайды болдырмауға, басқалардың қайғысын түсінуді, ортақтасуды, көмектесуді үйренеді.

Жасөспірімдердің әлеуметке қайшы мінез-құлықтарының, атап айтқанда, балалардың қадағалаусыз қалуын алдын алу жұмыстарының неғұрлым тиімді түрлерінің бірі – еріктілер (волонтерлік) қызметін ұйымдастыру болуы мүмкін. Бұл, ең алдымен, үлкендердің қадағалауынсыз қалып көше кезіп жүрген балалардың арасында алдын алу жұмысын жүргізу үшін, кәмелетке толмаған балаларды еріктілер ісіне іріктеу және тарту.

Мысалы, *Татарстан Республикасында* кәмелеттік жасқа толмаған 818 баланы тартумен 40-тан астам отряд жұмыс жүргізеді. Кәмелетке толмағандардың волонтерлік қызметін құру жасөспірімдерді алдын алу іс-әрекетіне тартудан, алдын алу саласындағы бүгінгі күні бар мәселелермен таныстырудан басталады.

Еріктілерді дайындау алдын алу іс-әрекетіне қызығушылығын тұрақты ниетке айналдыру, оларды қажетті теориялық білімдермен және практикалық дағдылармен қаруландыру, олардың бойында көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру негізінде құрылады. Жасөспірімдердің әлеуметтік жобаны әзірлеуге және іске асыруға қатысулары, өздерін оның тең құқылы авторлары ретінде сезіну мүмкіндігін береді. Ортақтастық сезімі жұмысты қолайлы арнаға бағыттау жауапкершілігі мен тілегін тудырады. Осылайша, мысалы, кәмелетке толмағандардан құрылған және ұйымдастырылған жасөспірімдер клубы, жасөспірімдердің айтарлықтай қызығушылықтарын, назарын және бастамасын тезірек тартады.

Жасөспірімдер қоғам өміріне маңызды үлес қоса алады. Жасөспірімдердің проблемаларын шешудегі ең жақсы сарапшылар жасөспірімдердің өзі болып табылады. Оларды «әлеуметтің тәуекел тобындағы», қараусыз қалған кәмелетке толмаған балаларға көмек көрсету бойынша еріктілер қозғалысына тарту, кәмелеттік жасқа толмағандардың арасындағы қадағалаусыздықтың алдын алу бойынша әлеуметтік жұмыстардың тиімді тәсілдерінің бірі болып саналады. Аталған тәсіл еріктілер қызметін (отрядын, қозғалысын) ұйымдастырушы мамандар және кәмелетке толмаған еріктілер арасындағы қарым-қатынасты орнататын көптеген принциптермен негізделуі тиіс [21].

АҚШ-да әлеуметтік едәуір жұмысты әлеуметтік қызметтің ерікті студенттері жүргізеді. Сарапшылардың есептеуі бойынша қазіргі кезде американдық жастардың 75 %-нен көбі кем дегенде бір ерікті топқа кіреді. Басқаша айтқанда, американдық «үшінші сектор» (қоғамдық, яғни үкіметтік емес бірлестіктер мен ұйымдар), олардың құрамына бүгінгі күні жастарды әлеуметтік қорғау мен қолдаудың негізгі ауыртпалығын көтеріп отырған ұйымдарға 1 млн. артық мүшені қамтиды

Олардың қызметі – білім алушыларды өмірлік қиын жағдайларды жеңуге дайындау немесе олардың өзгермелі әлеуметтік жағдайларға бейімделу қабілетін арттыру; білім алушылардың ішкі дүниесіне үңілу, қалаған арман-тілектеріне жету мақсатында, қоғамдық жағдайларға немесе өмірлік іс-әрекеттердің қандай да бір салдарына байланысты туындаған өз сезімдерін

талдау арқылы әлеуметтік қызмет етуін өзгертуге көмектесу. Маман білім алушылардың ішкі дүниесі мен психикасына әсер ету мақсатында, тұлғааралық, мінез-құлықтық немесе проблемалық жағдаяттарды шешуді қамтамасыз ету үшін жеке сабақтар өткізеді [22].

Беларусь Республикасында жасөспірімдердің кәмелетке толмағандар арасындағы қадағалаусыз қалу мен құқық бұзушылықтың алдын алуының ең маңызды бағыттарының бірі – балалардың бойында әлеуметтік қолайлы мінез-құлықты таңдауды айқындайтын, құндылық бағдарларды қалыптастыру болып табылады.

Сонымен қатар, тәрбие-профилактикалық жұмыстарының нәтижелілігіне білім беру мекемелерінің педагогикалық ұжымдарының құқық қорғау органдарымен және Беларусь Республикасы «Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының және қадағалаусыз қалуларының алдын алу жүйесі негіздері туралы» Заңымен анықталған кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының және қадағалаусыз қалуларының алдын алу бойынша өзге де субъектілерімен өзара іс-әрекеттерінің сапасы да әсер етеді. Сондай-ақ, жасөспірімнің әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру, оның аймақтың әлеуметтік институттарымен тығыз байланысын дамыту құқыққа қарсы мінез-құлықтың алдын алудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Алдын-алу қызметі тек әлеуметке қайшы мінез-құлықты туындататын тәуекел факторларына ғана бағытталмаған, сонымен қатар қорғаушы факторларды да қамтиды. Соңғыларына мықты отбасылық байланыстарды, кәмелетке толмаған баланың өміріне ата-анасын тартуды, ата-ана бақылауы тәжірибесін дамытуды, балалардың және жасөспірімдердің оқу қызметіндегі жетістік жағдаятын тудыруды және білім беру мекемесінде құқыққа қарсы мінез-құлыққа қатысты белгіленген нормаларды мойындауды жатқызуға болады.

Ұлттық құқықтық ақпарат орталығында Балалар құқығы сайты (www.mir.pravo.by) құрылған. Мақсаты – балаларға заңды мінез-құлық туралы жүйеленген қажетті құқықтық білім, сонымен қатар құқықтық құралдардың көмегімен даулы жағдайларды шешудің тәжірибелік дағдыларын алуға бейімделген интерактивті ақпараттық орта құру. Оқу орындарында оқушыларды сайт материалдарымен таныстыру жұмысы кеңінен жүргізіледі. Сонымен қатар, Балалар құқығы сайтының «Құқықтық шытырман» бөлімінде заңнамалық актілер мен балалар жағдайы мәселелері бойынша халықаралық құжаттар жинақталған «Құқық әлемі» деп аталатын компакт-диск құрастырылған. Аталған материалдарды құқықтық ағарту, оқу-тәрбие, білім беру мекемелерінің жұмысын ұйымдастыру барысында белсенді қолдану ұсынылады.

Білім беру мекемелерінде алдын алу бойынша оқушыларды есепке алудың 4 түрі ұсынылған:

- 1) кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекцияда (КТИИ) алдын алу есебінде тұрған балалардың есебі;
- 2) әлеуметтік қауіпті жағдайда (ӘҚЖ) деп саналатын оқушылардың есебі;

3) мемлекеттік қорғауға мұқтаж оқушылардың есебі;

4) мектепшілік (училищеішілік және т.б.) бақылау шеңберінде жеке есепке алу.

Есепке алудың кез-келген түрі кәмелетке толмаған баланы жазалау құралы болмауы тиіс, ол оқушының бейәлеуметтік мінез-құлқының алдын алу және жеңуіне көмектесу мақсатында білім беру мекемесінде құқық бұзушылықтың және қадағалаусыз қалудың алдын алудың барлық субъектілерінің күшін жандандырудың тәсілі болып табылады.

КТИИ-де немесе ӘҚЖ-да, әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық қызметте (ӘППҚ) есепте тұрған оқушыны диагностикалаудың нәтижесі бойынша міндетті түрде тәрбие және алдын алу жұмысының сапасын көтеру бойынша, оқушымен жұмыс істейтін әртүрлі санаттағы мамандарға арналған ұсыныстар әзірленеді. Ұсыныстар нақты және тәжірибеге бағдарланған сипатта болуы, сонымен қатар орындалу мерзімі мен бақылау түрлері көрсетілуі тиіс.

Кез келген білім беру мекемесінде құқыққа қарсы мінез-құлыққа бейім оқушыларды зерттеуге арналған диагностикалық құралдар (психологиялық қана емес) банкі бар және олар өте өзекті болып саналады.

Адамгершілік-құқықтық тәрбие оқушыларды құқықтар мен мораль нормалары біліміне тарту, адамгершілік-құқықтық ұғымдарды ашу, қоғамның адамгершілік-құқықтық құндылықтарын меңгеру арқылы жүзеге асырылады [23].

Оқу-танымдық, ойын, қоғамдық, құқық қорғаушылық, дене шынықтыру-сауықтыру, еріктілер, гуманитарлық және басқа да шаралар негізгі іс-әрекет түрлері қызметін атқара алады, олар оқушылардың құқық саласындағы білімдерін тереңдетуге, оларды өз тәжірибесіне енгізу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді, сондай-ақ оқушылардың әлеуметтік рөлдерді меңгеруіне, құқықтық жағдайларды және оларды шешу нәтижелерін «бастан өткеруге» көмектеседі. Кәмелетке толмағандардың құқыққа қарсы мінез-құлықтарының алдын-алу бойынша жұмыстардың тиімді формалары мен әдістері: жеке және топтық кеңес беру, пікірталастар, ойындық модельдеулер, адамгершілік-құқықтық мазмұнын проблемалық міндеттер мен жағдайларды шешу, клуб ұйымдастыру, отбасылық конференция өткізу, бейіндік лагерьлер, туристік жорықтар ұйымдастыру, сабаққа (оның ішінде үйірмелер мен секцияларға) қатысуларын бақылауды жүзеге асыру, лекция, әңгімелесулер. «Құрдас – құрдасқа» қағидаты бойынша жүргізілетін жұмыс жүйесі, сонымен қатар қоғамдық тәрбиешілер институтын енгізу арқылы жүргізілген тәрбие патронаты (жетім балаларды отбасына орнаастыру формасы) оң нәтижелер әкеледі

Әлеуметке қарсы құбылыстардың алдын алу мәселелерінің өзектілігі жастар арасында есірткіге тәуелділер, спирттік ішімдіктерді қолданушылар, сыра алкоголизміне салынушылар, темекі шегетіндер санының өсуімен де анықталады. Балалар мен жастардың психикалық белсенді заттарды пайдалануы қазіргі қоғам үшін өзекті проблема болып отыр. Нашақорлық және маскүнемдік келесідей өте күрделі әлеуметтік салдарға ие болады: қылмыстық істер және адамгершілікке жат қылықтар жасалады, тұлғаның және жалпы

халықтың кері кетуі болады, әсіресе жастар арасында өлім-жітім көбейеді, аурулар дамиды және ұрпақтарға тарайды, ауру және толық дамымаған балалардың тууы, отбасылардың ажырасуы ұлғаяды.

Есірткі қабылдап бастаған кәмелет жасына толмаған бала күрделі әлеуметтік-психологиялық ахуалға тап болады – бір жағынан, есірткілеумен байланысты жаңа өмір стилін ұсынатын жарнамалық қуатты қысым, жасөспірімнің ерекше қызығушылығымен және еліктеуімен дәлелденетін жана сезімдер басым болады; екінші жағынан – құрдастарының, педагогтарының, ата-аналарының қатыспаушылығы немесе біліксіздіктері әсер етеді. Нашәқорлыққа – девиантты мінез-құлық түрі ретінде – тыйым салудың көптеген: макро- және микросоциологиялық, объективтік және субъективтік, әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық және тұлғалық-дербес факторлары әсер етеді.

Шет елдерде бұл мәселені қалай шешеді? Ұлыбритания мектептерінде «Салауатты өмір салтына оқыту» пәні, Германия мектептерінде есірткіге қарсы сабақтар, АҚШ-та жастардың проблемаларын шешуге бағытталған терапия және аталған топтың проблемаларын талқылау бойынша сабақтар [24].

Экономиканы дамыту мен қоғамдық және мемлекеттік институттарды жетілдірудің факторы бола отырып, ақпараттық технологияларды қолдану саласын кеңейту, бір мезгілде жаңа ақпараттық қауіптер туындатады.

Интернет жүйесінің ақпараттық кеңістігі екіжақты сипатқа ие: бір жағынан, ол тұлғаның әлеуметтенуі мен дамуы бойынша үлкен мүмкіндіктер береді, ал екінші жағынан – қылмыстық тұлғалардың ақпараттық ресурстарды қолдануымен байланысты проблемалар тудырады.

Тыңдаушылары/қолданушылары негізінен кәмелетке толмағандар болып табылатын әлеуметтік жүйелер, мамандандырылған сайттар және анонимді интернет-кеңістіктер неғұрлым жоғары криминогендік қауіп төндіреді. Қазіргі заманғы ақпараттық-телекоммуникациялық Интернет желілері өзінің жалпы қолжетімділігімен, ашықтығымен, сұранысқа ие болуымен, орталықсыз және жасырындылығымен пайдаланушыларға зақым келмейтіндей сезім тудырады. Бұл зиянды контентті таратуға, сонымен қатар ұлттық және халықаралық құқық нормаларын бұза отырып іс-әрекеттер жасауға мүмкіндік береді. Мұндай үйлесім интернеттің кәмелетке толмағандардың қылмысқа баруына және виктимдеуіне ықпал ететін қуатты құралдардың біріне айналады ((лат. *victima* – құрбан) – қылмыстық құрбандықтың құрбанына айналу процесі немесе соңғы нәтижесі), бұл Интернет желісінің тыйым салынған ақпаратты тарату құралы ретіндегі криминогендік әлеуетінің дәлелі болып табылады.

Әлеуметтену барысында жасөспірімдер аталған факторлардың әсерінен әдетті институттарды (отбасын, мектепті және т.б.) шетке ығыстыратын, бұқаралық коммуникация құралдарымен және ақпараттық-телекоммуникациялық Интернет желісімен белсенді толықтырылатын жана ықпалға тап болады.

Бұқаралық ақпараттың электрондық құралдары, ақпараттық жүйелер, әлеуметтік желілер адамдардың күнделікті өмірінің бір бөлігіне айналды. Әдетте («ВКонтакте», Facebook, «Одноклассники», Twitter, Instagram),

жаңалықтар сайты, блогтар, тақырыптық және анықтамалық жобалар тәрізді әлеуметтік желілерге жазылған кәмелетке толмаған пайдаланушылар қазіргі кезде іздеу жүйесімен немесе поштамен ғана шектелмейді. Балалар ICQ, Messenger, Skype, Viber, Jabber, WhatsApp және т.б. әлеуметтік жүйелердің онлайн-режимінде ақпарат алумен және алмасумен қатар, бір-бірімен қарым-қатынас та жасайды [25].

Ақпараттық-телекоммуникациялық Интернет желісіндегі құқыққа қайшы контенттен балалардың қорғалмағандығы балалармен байланысты сауда, балалар порнографиясы және жезөкшелік, суицид, экстремистік көзқарастар мен идеологияны қалыптастыруы проблемаларын қиындатады, есірткі бизнесінің жасаруына және Интернет желісі арқылы кәмелетке толмағандарды қылмыстық әрекетке тарту санының ұлғаюына ықпал етеді.

2011 жылдан бері Еуропа Одағы елдерінде интернеттік қауіпсіздік мақсатында өзін-өзі реттеу принциптері Декларациясы жұмыс істейді. Google, Microsoft, Facebook, Yahoo, Deutsche Telecom, Nokia, RTL Group, Samsung, Vivendi, Vodafone және басқа ірі интернет-компаниялар оның ұстанымын бөліседі. Атап айтқанда, бұл компаниялар өз пайдаланушыларына қалауы бойынша тиісті веб-сайттарды пайдалану кезінде арнайы сүзу жүйесін реттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, компаниялар пайдаланушыларымен өзара қарым-қатынас жасау жүйесін ұйымдастыруға міндеттенеді, ол арқылы қолданушылар интернеттегі құқыққа қайшы контенттер туралы хабарлау мүмкіндігіне ие болады.

2000 жылы АҚШ-да интернетте балаларды қорғау туралы Заң қабылданды. Ол білім беру мекемелерін балаларға интернетке рұқсат беру барысында ақпаратты сүзгіден өткізу немесе бұғаттауды қамтамасыз ететін бағдарлама қоюға міндеттейді. Бұдан басқа, үйдегі интернетке қолжетімділігі бар американдық отбасыларының 41 %-ке жуығы, контентті сүзгіден өткізудің үйдегі жүйесін орнатқан.

Ұлыбританияда интернетті қадағалау бойынша Қор (IWF) құрылған. Оның мақсаты: Интернет желісіндегі құқыққа қарсы контент, бірінші кезекте бүкіл әлем бойынша желіде орналастырылған балалардың әдепсіз суреттерін, Ұлыбританияда хостинг берілген криминалдық және әдепсіз контенттерді таратуды азайту (хостинг (ағыл. hosting) – интернет желісінде әрдайым қолжетімді, ресурстар бойынша ақпаратты серверде орналастыруға арналған қызмет). Құрылған уақытынан бері IWF британ серверлерінен 26 мыңнан астам балалардың әдепсіз (порнографиялық) суреттерін алып тастады және полицияға педофилдерге қарсы сот талқылаулары бойынша іс жүргізуге көмектесті.

Сонымен қатар, Ұлыбританияда мобильді байланыс контентін саралаудың тәуелсіз органы құрылған. Мобильді байланыс операторлары мобильді контентті өздігінен реттеу Кодексін әзірледі, ол келесідей мақсаттарды көздейді:

- коммерциялық контентті бір мезгілді қамтамасыз ететін құралдарды қолдануға мүмкіндігі бар ата-аналарды немесе балаларды бағып-күтетін өзге де тұлғаларды, 18 жасқа толмаған қолданушыларды балаларға арналған зиянды ақпарат алу мүмкіндігі туралы ескерту;

- 18 жасқа толмаған тұлғалармен қатар, басқа да барлық қолданушыларға арналған мобильді байланыс құралдары арқылы заңға қарсы контенттің және әрекеттердің таралуын болдырмауды қамтамасыз ету.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы Қытайдың стратегиясы, материалдарды сүзгіден өткізуді қамтитын, сондай-ақ реттеу, басқару және жазалау шараларын қолдану арқылы цензураның өзін көтермелейтін веб-цензураға негізделген.

Қытайдың қолданыстағы сүзгілеу жүйесін «ұлы қытай веб-қорғаны» немесе «ұлы қытай файрволлы» (ағыл. firewall – өртке қарсы қорған) деп атайды. Сонымен қатар, бұл салада ынтымақтастыққа жергілікті интернет-провайдерлер де қатыстырылады.

2002 жылы қытайлық жетекші интернет-кәсіпкерлер желіні пайдалану кезінде өзіндік тәртіпті күшейту және «интернеттегі зиянды ақпаратты жою» туралы міндеттемеге қол қойды. Бұл үшін олар чаттар мен форумдарда пайда болатын проблемалық материалдарды әрдайым жойып отыратын «сыпырушылар» немесе «үлкен мамалар» деп аталатын қызметкерлерді жалдауға міндетті. Сонымен қатар, ҚХР үкіметі интернет-кафелердің мектепке 200 метрден жақын жерде орналасуды шектеу туралы қаулы шығарды. Қытай жетекшілігі елдің жоғары оқу орындарына арналған ережелер де шығарды. Онда қытай студенттерінің интернеттегі іс-әрекеттеріне неғұрлым қатаң бақылау жасау туралы айтылған [26].

Осылайша, әлемдік және шет елдердің тәжірибесін талдау, кәметке толмағандардың Интернет желісіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің көптеген тәсілдері мен модельдері бар екендігін көрсетті. Әлемдік тәжірибенің талдауы интернет кеңістіктегі қарым-қатынаста өзін-өзі және бірлескен реттеудің мемлекеттік, өзіндік реттеу (интернет-провайдерлермен, контент-провайдерлермен және пайдаланушылармен) және кешенді тәрізді, мүмкін үш механизмін атап көрсетуге мүмкіндік береді.

Ақпараттық тұтынуды реттеудің қарастырылған нұсқаларын Ресей таңдады. Ақпаратты бұғаттау конституциялық құрылыс негіздерін, адамгершілік, денсаулық, басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін, елдің қорғанысы мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Ақпарат, ақпараттық технологиялар және ақпаратты қорғау туралы» 2006 жылғы 27 шілдедегі № 149-ФЗ федералдық заңмен белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Аталған мақсаттарды жүзеге асыру үшін 2012 жылы «Ресей Федерациясында таратылуға тыйым салынған ақпаратты қамтитын, Интернет желісіндегі сайттарды теңестіруге мүмкіндік беретін, Интернет желісіндегі және желілік адресітегі домендік атаулардың, бет сілтемелерінің бірыңғай тізілімі» бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесі құрылған.

Тізілімге Ресей Федерациясында таратылуына тыйым салынған, желідегі Интернет сайттарын сәйкестендіруге мүмкіндік беретін домендік атаулар және (немесе) сайт беттерінің желі адресінің сілтемелері қамтылады [27].

Жасөспірімдердің әлеуметке қайшы мінез-құлқының алдын алу бойынша шетелдік тәжірибені талдау негізінде, балалардың әлеуметке қарсы мінез-

құлқын болдырмауға бағытталған жұмыстарда, отандық тәжірибеге бейімделуі және қолданылуы мүмкін бірнеше алғышартты бағыттарды атап көрсетуге болады:

Бірінші бағыт – көптеген онжылдықтарда өзінің әлеуеті мен тиімділігін дәлелдеген, әлеуметтік-педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық технологияларды енгізу.

Екінші – дарынды деликвенттерді анықтау, олардың қабілеттерін дамыту және тұлғалық мағынасын қайта бағыттау.

Үшінші – балалардың қоғамға қайшы мінез-құлықтарын ерте әлеуметтік-педагогикалық алдын алу.

Төртінші – полиция құрылымы органдарында, басқа жерлерде де бірақ полицияның қатысуымен алдын алу жүйесінің арнайы субъектілерін оқыту.

Бесінші – білім беру процесінің барлық қатысушыларын, сонымен қатар ата-аналар қауымдастығын тарту.

2 Қазақстан Республикасында балалар мен жасөспірімдер арасындағы қоғамға қайшы әрекеттердің алдын алу

Девиантты мінез-құлық көріністері түрлерінің өсуі қоғамның, мектептің және әлеуметтік қызметкердің алдына, тәрбиелеуге көнбейтін немесе тәрбиеленуі қиын жасөспірімдермен жүргізілетін жұмыс жолдарын, нормаларын, әдіс-тәсілдерін және технологияларын іздеуді, сонымен қатар әлеуметтік нормалардан ауытқудың алдын алу қажеттілігін, күш-жігерді баланы оңалтуға бағыттап-шоғырландыруды, яғни жасөспірімнің іс-әрекеттері мен мінез-құлқына тура немесе жанама ықпал жасайтын жағдайларды жоюды негізгі міндеттер ретінде қояды.

Қазақстандағы өмірлік қиын жағдайға тап болған балалар мен жасөспірімдердің қазіргі жағдайы.

Девиантты мінез-құлықтың себептерін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнамалар мен зерттеулердің қорытындысы, бүгінгі күнде девиантты мінез-құлықты балалар мен жасөспірімдер мәселесінің ушығып тұрғанын айғақтайды.

Мінез-құлқы қоғамдағы әлеуметтік, адамгершілік және құқықтық нормаларға сай келе бермейтін балалар мен жасөспірімдердің психологиялық және психологиялық-әлеуметтік мәселелерін шешу жекелеген балалардың психикалық саулығын күшейтіп қана қоймай, бүкіл мемлекеттің әл-ауқатын арттыруда маңызды рөл ойнайды.

ДДСҰ және ЮНИСЕФ комиссиясының «Болашақ әлем балалары үшін» баяндамасында әлемнің 180 еліндегі балаларының өркендеу индексі/Child flourishing index ұсынылған. Балалардың күн көрісі мен амандығын қоса алғандағы, өркендеуін қамтамасыз етудегі, атап айтқанда денсаулық сақтау, білім беру мен тамақтану және парниктік газ лақтырындылары көрсеткіштерін қолданумен тұрақтылық саласындағы жетістіктер, сонымен қатар кірістердегі әділдік немесе алшақтық салыстырылады [28].

Аталған индекс бойынша Қазақстан Республикасы 59-орында. Балалардың өркендеу индексі бойынша Норвегия, Оңтүстік Корея, Нидерланд, Франция және Ирландия көшбасшы елдер болып саналады [28].

Егер статистиканы талдайтын болсақ, онда бүгінгі күні балалық шақтың әлеуметтік мәселелерінің алдыңғы қатарында, әлем бойынша дағдарысқа ұшырап отырған отбасы мәселесі тұрғанын көруге болады.

Қолайсыз отбасыларының адамгершілік-психологиялық атмосферасы «қиын» балалардың пайда болуына әсер етеді. Бұндай отбасыларынан шыққан балалардың 90 %-ке жуығында мінез-құқық нормаларынан ауытқушылық байқалады. Бұл отбасылары үшін отбасы мүшелерінің бір-бірімен психологиялық сәйкессіздік, қарым-қатынас жасаудағы шамадан тыс эмоцияналдық, жанжалдық тән болады. Бұл жағдайлар бала тұлғасының әлеуметтену процесінің өзгеруіне әкеледі және жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқының себебіне айналады.

Ата-анасымен қарым-қатынас балаға үлкен әсер етеді. Отбасы баланың бойында өмірлік мақсаттар, моральдық-адамгершілік нормалары, мінез-құлық үлгілері қалыптасуының және қоршаған әлемге бейімделудің діңгегі қызметін

атқарады. Отбасы оларсыз қоғамдастықтың және экономиканың жұмыс істеуі мүмкін емес, қоғамдың түйінді элементтері болып табылады.

Жеке басы жауапкершілігінің төмен деңгейі және тұрғын үйдің болмауы, жұмыссыздық тәрізді ілеспе экономикалық проблемалар, сондай-ақ өмір жолын жоспарлау мәдениетінің жетіспеушілігі отбасындағы жайсыздықтың негізгі себептері болып табылады. Қазақстанда балаларын тәрбиелеу міндеттерін орындамағаны үшін жыл сайын 5 мыңға жуық ата-ана әкімшілік жауапкершілікке тартылады және 2 мыңнан артығы ата-ана құқығынан айрылады.

Ата-ана құқығынан айыру цифрларының арғы жағында баланың тағдыры жасырынған. Егер әр отбасындағы балалардың орташа саны – 2 баладан деп санасақ, онда 2019 жылы елімізде 3 272-ге жуық бала ата-анасының қамқорлығынсыз қалған (ААҚК) мәртебесіне алған және бұл балалардың болашағын мемлекет анықтайтын болады.

Республикада неке бұзу, сонымен қатар баласы бар отбасыларының айырылысу саны артып отыр. Кәмелеттік жасқа толмаған үш немесе төрт баласы бар отбасын да сақтап қалуға ұмтылмайтындар саны көбейіп отыр.

БҰҰ «Демографиялық есеп – 2017» статистикасының деректері бойынша, Қазақстан некеге отыру мен айрылысу сәйкестігі саны коэффициентінен әлемнің топ-10 елінің қатарына кіріп және 2018 жылдың есебі бойыншы – коэффициент көрсеткіші өзгеріссіз қалып отыр [1]. Соңғы төрт жылда (2016-2019) неке бұзу саны 18 %-ке артқан [2]. Тек 2019 жылдың өзінде ғана 13 994 бала тәрбиеленетін 8 343 қолайсыз отбасы ішкі істер органдарына тіркеуге алынған.

Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы (КТБО) және психологиялық диагностика орталығы (ПДО) тәрбиеленушілерінің негізгі бөлігін панасыз және қараусыз қалған балалар құрайды. Егер 2011-2019 жылдар аралығындағы деректер динамикасын қарастыратын болсақ, онда аталған санаттағы балалар санының айтарлықтай азайғандығы байқалмайды. Өткен жылға қатысты (6 232) панасыз және қадағалаусыз қалғандардың КТБО және ПДО мекемелеріне орналастырылғандардың саны 5 613 бала болған.

«Қазақстандық отбасыларындағы балаларға қатысты зорлық-зомбылық» (ЮНИСЕФ, Қазақстан) зерттеуінің деректері бойынша ересектердің 75,4%, балаларды қорғау мен әділ сот саласы қызметкерлерінің 46,1%, сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің 54,8% отбасында дене жазаларын қолдануды қолдайды.

Балаларды жазалаудың баламалы тәсілдерін білмегендіктен немесе тәрбиелеуге уақыт және шыдамдылық таппаудың салдарынан ата-аналар көпшілік жағдайда қатыгез шараларға жүгінеді. Мектептерде балалар мен жасөспірімдер болашақтағы игілік үшін бірқатар келеңсіз салдар тудыратын буллингтің құрбанына айналуы мүмкін [28].

БҰҰ баяндамасының деректері бойынша, әлемдегі әр оныншы оқушы мектепте зорлық-зомбылыққа ұшырайды және бұл көрсеткіш жыл санап артып отыр [29].

Қазақстанда өткізілген әлеуметтік сауалнаманың нәтижелері бойынша, балалардың 4,1% өздерінің мектепте біреуден/бірденеден қорқатындықтарын, балалардың 6,5% құрбылары тарапынан, 3,4% – ересектер тарапынан психологиялық және дене зорлығына ұшырайтындарын атап көрсеткен. Сауалнаманың нәтижелері бойынша балалардың 8,7%, мектептерде мұғалімдер тарапынан оқушыларға қатысты әділетсіз қарым-қатынас жағдайларының бар екендігін көрсетсе, 4,6%-і мұғалімдермен жанжалды жағдайда екендіктерін атаған және балалардың 5,5%-і, мұғалімдер оқушылардың пікіріне көңіл аудармайды деп жауап берген.

Ашық әңгіме барысында балалар мұғалімнің және оқу процесінің алдында қорқыныш сезімін бастан өткізетіндіктерін, жоғары сынып оқушыларынан және бұзақылардан, ақша бопсалаушылардан қорқатындары жайында айтқан.

Балалар – діни радикалдардың ықпалына ұшырағыш, осал топтардың бірі. Әлемнің 70-тен аса елдері білім алушылардың бойында толеранттылық пен дінді түсіну қабілетін дамыту үшін мектептерде дін сабақтарының, бірақ оқытуды білікті мамандар жүргізуі қажеттілігін мойындады.

Осы мақсатта, 2017 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді. Қазақстан мектептерінің 9-сыныптарында «Зайырлылық және дінтану негіздері» міндетті курсы енгізілді. Оқу курсы енгізу үшін оқу-әдістемелік құралдары әзірленген. Дегенмен де, мектептің дінтану пәнінің маңайында оның тиімділігі және оқытылу сапасы туралы пікірталастар көп.

Сарапшылардың пікірінше, Қазақстанда дінтану пәнінің кәсіби мамандарының тапшылығы байқалады. Мектеп директорларымен жүргізілген сұхбат барысында дінтану пәнінен сабақ беретін мұғалімдердің кәсіби деңгейінің жеткіліксіздігі, мектептерде аталған бейін мамандарының жоқтығы мәселесі көтерілді.

Лаңкестік белсенді зоналардан келген кәмелетке толмағандарды дерадикализациялау және оңалту бойынша мәселелер ерекше бақылауда тұр (дерадикализация – психологиялық процесс арқылы адамның экстремистік идеологиядан бас тартуы). 2019 жылы өткізілген «Жусан» және «Русафа» гуманитарлық операцияларының аясында, лаңкестік белсенді зоналардан кәмелетке толмаған 441 бала (соның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 46 жетім бала) республикаға қайтарылды [30].

2011–2019 жылдар аралығында балаларға қатысты қылмыс санының азайғандығы байқалады. 2011 жылмен салыстырғанда қылмыстық істер 76,1%, қылмыстың құрбаны болған балалар саны 75,2% кеміген. Соңғы үш жылда (2017-2019 ж.ж.) қылмыстардың саны мүлдем дерлік қысқармаған айта кету қажет. 2019 жылы балаларға қатысты 2 115 қылмыс жасалған, 2 223 бала олардың құрбандары болды. 100 мың бала тұрғынға шаққанда зардап шеккендердің саны 37,8 құрайды, бұл сан соңғы үш жыл бойы тұрақты болып тұр.

Балаларға қатысты қылмыстардың негізгі баптары бойынша талдау динамикасы (кісі өлтіру, денсаулыққа ауыр зиян келтіру, нәпсіқұмарлық сипаттағы қылмыстар) көрсеткендей өсу үрдісін көрсетіп отыр. Ұрлық, тонау, бұзақылық тәрізді қылмыстардың саны салыстырмалы түрде әлі де жоғары.

Бүкіл әлем және Қазақстан бойынша да интернет желісін пайдаланушылар саны артып келеді, бұның өзіне тән артықшылықтары мен жағымсыз жақтары бар. Сауалнаманың мәліметтері бойынша, балалардың 70% Интернетті пайдаланады, ұялы телефондары және компьютерлері бар, осылайша, олар электрондық кеңістіктегі кибер-буллинг пен алаяқтықтар үшін неғұрлым осал топқа айналады. Мысалы, балалардың 6 %-і 2019 жылы виртуалды зорлық жағдайларына тап болғандықтарын көрсетті. Ресми статистика деректері интернет-алаяқтықтың кеңеюі туралы мағлұматтар береді, егер 2018 жылы кәмелет жасқа толмағандарды интернет-алаяқтыққа тарту туралы 7 іс қозғалса, 2019 жылы – 15 іс ашылған, яғни 2 есеге өскен [31].

Зерттеу нәтижелері балалардың әлеуметтік желілірге тәуелділігі бар екендігін көрсетті. Сауалнамаға қатысқан балалардың 14% ғана әлеуметтік желілерде күнде қарым-қатынас жасамайтындықтарын атаған. Балалардың негізгі бөлігі виртуалды қарым-қатынас жасаумен әуес (әлеуметтік желілерде 1 сағатқа дейін қарым-қатынас жасайтындар саны 38,8%), балалардың 26,4% тәуелділік шегінде тұр (күніне 2-3 сағат қарым-қатынас жасайды), ал балалардың 20,8% әлеуметтік желілер жұтып алған (әлеуметтік желілерде күніне 4 сағаттан артық уақыт өткізеді).

Жасөспірімдер арасында әлеуметтік желілерде қарым-қатынас жасау неғұрлым танымал екенін болжауға мүмкіндік беретін, ойын ойнаумен байланысты жағдай басқаша.

Сауалнама 12-17 жас аралығындағы оқушылардың шамамен үштен бір бөлігі онлайн ойындарды күн сайын ойнамайтындығын; 48% жуығы ойынға күніне 1 сағатқа жуық уақыттарын бөлетіндігін; ал 13,4% тәуелділік шегіне өтулері мүмкін екенін көрсетті, себебі күніне 2-3 сағат ойнайды. Сонымен қатар, балалардың 6,9% осы ойындарға тәуелді болып отыр, өйткені күніне 4 сағаттан көп уақытын компьютерлік ойын ойнаумен өткізеді.

Балаларды ақпарат ағынынан қорғау жауапкершілігі ересектердің мойнына, негізінен ата-аналар мен педагогтарға жүктеледі. Ата-аналармен жүргізілген сауалнама деректерінің талдауы, ата-аналардың 64 %-і балаларымен ғаламтордың қауіптілігі және тәуекелден қалай аулақ болу керектігі туралы, 25%-і – сирек сөйлесетіндіктерін көрсетті, ал қалған 11%-і осы тақырыпты мүлдем қозғамайтын болып шықты.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректері бойынша, 2019 жылдың 12 айындағы жасөспірімдер арасындағы суицид саны – 180, ал өзіне-өзі қол жұмсау әрекеті – 351 жағдайды құрады. Жалпы ҚР бойынша 100 мың балаға өзіне-өзі қол жұмсаудың 3 жағдайынан келеді.

Өзіне-өзі қол жұмсаған балалардың негізгі бөлігі, яғни 82,7% толық отбасынан шыққандар (16,2% – толық емес отбасынан, 1,7% – жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар). Бұл деректер, балалар ата-

аналарының жанында болғанымен, өздерін жалғыз сезінетіндіктері және тап болған өмірлік қиын жағдайдан шығу олар үшін күрделі екендігі туралы айтады.

Өзіне-өзі қол жұмсау мінез-құлқына әсер етуші белгіленген факторлардың ішінен жалғыздықты (қатардан қуылғандық сезімімен), ата-аналарымен және туыстарымен жанжалды қарым-қатынасты атап айтуға болады.

Маскүнемдік, нашақорлық, жезөкшелік – әлеуметтік проблемалар екені ешкім үшін құпия емес, бұл мәселелерді тұлғаның өзі және тұтастай алғанда қоғам шешу тиіс.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің деректері бойынша, 2019 жылы ішімдікке тәуелділікпен 185 және есірткіге тәуелділікпен 101 бала наркологиялық есепте болған. Жалпы алғанда 2010 жылдан бастап аталған санаттағы балалар саны азайып келеді, 2019 жылы 100 мың балаға маскүнемдік бойынша – 3,1 және 100 мың нашақорлыққа – 1,7.

2018 жылмен салыстырғанда жасөспірімдер арасындағы қылмыстың жалпы саны 299-ға немесе 10% азайды. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректері бойынша, 2019 жылы жасөспірімдерінен немесе олардың ортақтасуымен 2 650 қылмыстық құқық бұзушылық жасалған, олардың ішінде 2 563-і қылмыс, 87-сі – теріс қылық түрінде топтастырылған.

2019 жылы 2 824 кәмелетке толмағандар қылмыстық жауапкершілікке тартылды, солардың ішінде 6,8% (193 адам) қыздар құрайды. Қылмыстық жауапкершілікке тартылған балалардың негізгі үлесі (80%) 16-17 жас арасындағы жасөспірімдер. Былтырғы жылмен салыстырғанда қылмыстық жауапкершілікке тартылған кәмелеттік жасқа толмағандар саны 10,5% азайды (2018 жылы қылмыстық жауапкершілікке тартылған кәмелетке толмағандар 3 156). Кәмелетке толмағандардың қылмыстық істерінің 80,7 % меншікке, 9,1 % – жеке адамға және 8,2 % – қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың негізгі бөлігін келесі құқық бұзушылықтар құрайды:

- қоғамдық тәртіп пен адамгершілікке қастандық жасау (ұсақ бұзақылық, темекі шегуге тыйым салынған жекелеген қоғамдық орындарда тәртіпті бұзу және тыныштықты бұзу) – 38,3%;

- басқарудың белгіленген тәртібіне қастандық жасау (ҚР тіркеусіз немесе жеке басын куәландыратын құжаттарсыз тұру) – 23%;

- көлікте (көлікте жүрудің белгіленген жылдамдығын асыру, жол белгілерімен немесе жолдың жүру бөлігіндегі таңбалармен ұйғарылған талаптарды сақтамау, көлік құралын құжаттары және басқару құқығы жоқ адамның басқаруы және басқалар) – 24,5%.

Ең алдымен өскелең ұрпақтың бойында жағымды-белсенді тұлға, жасөспірімдердің белсенді тұлғалық ұстанымын қалыптастыру, болашақта мықты отбасылық қарым-қатынас құруға бағытталған дене және психикалық денсаулыққа ұмтылу, адамгершілік-жыныстық тәрбие бойынша мемлекеттік

және қоғамдық сипаттағы шаралар қабылдау қажеттілігі туындайды. Сонымен қатар, жүре пайда болған иммунитет тапшылығы синдромымен (ЖИТС) қоса алғанда, жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың (ЖЖБИ), қалаусыз жүктіліктің, жыныстық қылмыстардың алдын алу мәселелері шешілуі тиіс.

40-тан астам халықаралық сарапшылардан тұратын комиссия ұсынған «Балаларға арналған әлем» атты баяндамаға сәйкес, балалардың денсаулығы мен олардың болашағын қорғау, бірде-бір елде, оның ішінде Қазақстанда да қажетті деңгейде қамтамасыз етілмейді [32].

Осылайша, қауіпсіз өмір мен денсаулық үшін қоршаған ортаны қамтамасыз ету проблемасы, балалардың құқықтарын қамтамасыз етудегі негізгі проблемалардың бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы балалар мен жасөспірімдердің арасында қоғамға қарсы құбылыстардың алдын алу шаралары балалардың және жасөспірімдердің құқық бұзушылықтарының алдын алу бойынша тәрбие және алдын алу жұмысы қоғамның әлеуметтік маңызды тапсырысы болып табылады. Алдын алу әлеуметтік жұмыстың негізгі және алғы шартты бағыттарының бірі болып саналады. Кез келген адамның күнделікті өмірінде кездесіп жататын қолайсыз, теріс салдармен күрес жүргізгенге қарағанда, әлеуметтік нысанның әрекетіндегі немесе мінез-құлқындағы болуы мүмкін аутқушылықтарды, қоғам және жеке тұлға үшін әлдеқайда аз шығынмен болдырмау/ алдын алу әлдеқайда жеңіл екендігін өмір күнделікті көрсетеді.

Қазақстанда баланың отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқығы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексте бекітілген. Түрлі өмірлік жағдайларға байланысты бұл құқықтың қазақстандық балаларға қатысты бөлігін осал болып қалып отыр. 2019 жылдың аяғында еліміздегі жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар (бұдан әрі – ААҚҚБ) саны 24 239 адамды құрады.

Отбасылық жұптарды сақтап қалу мақсатында, 2018 жылдың қыреуіегінен бастап ҚР Жоғарғы Сотының бастамасымен «Отбасылық сот» пилоттық жобасы іске қосылды. Жобаның басты мақсаты – түрлі отбасылық дауларды оңтайлы жолмен шешу, балалардың толыққанды отбасында тәрбиеленуін қамтамасыз ету, отбасы құндылықтарын насихаттау және сақтау, өмірлік қиын жағдайлардан шығуға, құқықтық және психологиялық көмек көрсету.

Ажырасуға жол бермеуде бейбіт жолмен реттеу рәсімдері оңтайлы рөл атқарады. ҚР ЖС деректері бойынша, дауларды бейбіт жолмен реттеу нәтижесінде 2019 жылы 12 766 отбасының ажырасуы болдырылмады. 2018 жылмен салыстырғанда ажырасуға жол бермеудің арқасында сақталған отбасылардың саны 1,5 есеге артқан.

Бейбіт жолмен реттеудің неғұрлым кең тараған түрі – медиация, оның есебінен 12 518 неке сақталып қалды. Бітімгершілік келісім есебінен ажырасу туралы 191 іс және 57 іс партисипативтік рәсім тәртібімен тоқтатылды [33].

Жетім және ААҚҚБ басым бөлігі – 17 360 (70,5%) қамқорлыққа, 1 982 (8,1%) – патронаттық тәрбиеге алынған, 158 (0,6%) – бала асыраушы отбасында, 133 (0,5%) – отбасылық үлгідегі балалар үйлерінде тәрбиеленеді.

Интернаттық ұйымдарда 4 606 жетім және ААҚҚБ бар (20,2%). Интернаттық мекемелерде өмір сүретін және ата-аналар қамқорлығын алмайтын балалардың осы тобын, өз құқықтарынан шектелген ретінде атап өтуге болады.

Жалпы алғанда интернаттық мекемелерде тұратын жетім және ААҚҚБ санының азаюы, бұл саладағы соңғы 10 жыл бойы тұрақты болып қалып отырған оңтайлы үрдіс болып табылады. Бұған деинституализацияға бағытталған мемлекеттік саясат деңгейінде көрінетін түрлі факторлар және үкіметтік емес сектордың белсенділігін күшейтетін қоғамдық санада болып жатқан өзгерістер ықпал етеді (деинституализация – интернаттық типтегі мекемелердегі балалар санын азайту). Қолданыстағы деинституализациялық жүйе процестерінің нәтижесінде, интернаттық мекемелер тәрбиеленушілерінің жалпы құрамы 10 жыл ішінде 36 %-ке және балалар мекемелерінде тұратындардың саны – 67% азайды. Сәйкесінше мекемелердің өздерінің де саны қысқартылады.

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған интернаттық ұйымдар желісі, 2019 жылы 107 ұйымды құрады. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың ең көбі – 79% (3 656 бала) білім беру ұйымдарында орналасқан.

Интернатты мекемелеріндегі балалар саны табиғи кемуінен басқа, отбасыларына тәрбиелеуге беру есебінен де төмендейді. 2019 жылдың аяғында, интернаттық мекемелердің тәрбиеленушілерінің 1 111 немесе 22 %-і отбасыларына орналастырылған, яғни: 606 бала отбасыларына берілген және 505 бала өз отбасыларына қайтарылған.

2019 жылдың желтоқсандағы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» Қазақстан Республикасының Кодексіне жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына орналастыруға көмек көрсету бойынша ұйымдардың қызметі үшін елде жағдай құрумен байланысты өзгертулер мен толықтырылулар енгізілді [34]. Егер бұрын елімізде аккредиттеуді тек балаларды шетелдік отбасыларына орналастырумен айналысатын агенттіктер ғана алған болса, енді қазір қазақстандық азаматтар да бұндай қызметтерге қол жеткізеді алады.

Қазіргі жағдайда интернаттық мекемелерде тұратын жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін, балалар үйінен шыққаннан кейін тұрғын үймен қамтамасыз етілу мәселесі әлі де өзекті болып қалуда. Тұрғын үй алу кезегінде отбасылар мен жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда тәрбиеленетін 67 397 жетім және ААҚҚБ тұр. 2019 жылы 1 456 бала тұрғын үймен қамтамасыз етілді.

Осылайша, заңнамалық деңгейде жүретін және отбасылық құрылымды қолдауға бағытталған қоғамдық институттарды дамытуға ықпал ететін мекемелерде балалар санының азаюынан, мекемелер қызметінің трансформациялануы мен өзгерістерінен байқалатын жетім және ААҚҚБ қамтамасыз ету және балалардың құқықтарын қорғау саласында оң өзгерістер бар. Елімізде бала асырап алу мәдениеті белсенді түрде дамуда және осы процестерге ықпал ететін заңнамалық база қалыптасуда.

Осы Кодекске сәйкес жетім балаларды, ААҚҚБ қабылдаушы отбасылары үшін, өтеусіз негізде психологиялық дайындау және басқа да кеңестік көмек ұсынылатын болады. Енді осы отбасылар қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын органға психологиялық дайындықтан өткені туралы Сертификат ұсынуы тиіс болады. Әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылатын бұл норма, енді Қазақстанда да міндетті болды.

